

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО
ОБРАЗОВАНИЯ**

**Методические рекомендации по развитию детско-юношеских инициатив в
создании различных форм гражданской и творческой деятельности
детских и молодежных общественных объединений**

**Балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық бірлестіктерінің шығармашылық
және азаматтық қызметтерінің әртүрлі түрлерін құрудағы балалар мен
жасөспірімдердің бастамаларын дамыту бойынша әдістемелік
нұсқаулықтар**

Астана - 2014

Балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық бірлестіктерінің шығармашылық және азаматтық қызметтерінің әртүрлі түрлерін құрудағы балалар мен жасөспірімдердің бастамаларын дамыту бойынша әдістемелік нұсқаулықтар (Әдістемелік нұсқаулықтар) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК – Астана, 2014., - 131 бет.

Әдістемелік нұсқаулықтар балалар қоғамдық бірлестіктерінің жетекшілеріне, мектеп директорларының орынбасарларына, аға тәлімгерлерге, тәрбиешілер мен қосымша білім педагогтеріне, сондай-ақ, балалар қозғалысының сұрақтарына қызығушылық танытатын және жаңа ұрпақтың көшбасшылық топтарын дайындауды жүзеге асыратын адамдардың барлығына ұсынылады. Павлодар облысындағы балалар қоғамдық бірлестіктерінің және Алматы және Қостанай қалаларындағы балалар ұйымдарының жұмыс тәжірибелері қолданылды.

Методические рекомендации по развитию детско-юношеских инициатив в создании различных форм гражданской и творческой деятельности детских и молодежных общественных объединений (Методические рекомендации) - РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерства образования и науки Республики Казахстан – Астана, 2014, - 128 стр.

Данные методические рекомендации адресованы руководителям детских общественных объединений, заместителям директоров школ, старшим вожатым, воспитателям и педагогам дополнительного образования, а так же всем, кто интересуется вопросами детского движения и осуществляет подготовку лидирующей группы нового поколения. Использован опыт работы детских общественных объединений Павлодарской области и детских организаций городов Алматы и Костанай.

Рецензент: Е. Б. Никитин – проректор по инновационному развитию ИнЕУ, Академик Международной академии наук педагогического образования.

*ҚР БжҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы РМҚК әдістемелік кеңесі ұсынады
(2014ж. 02.12. № 7 хаттама)*

№	Мазмұны	Бет
1	Кіріспе	5
2	Балалар қоғамдық қозғалысының мақсаты, міндеттері	8
3	Балалар қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдары жұмысының заңнамалық, номативтік құқықтық негіздері	10
4	Балалар қоғамдық бірлестіктердің жұмысын үйлестіру мен дамытуда қосымша білім беру жүйесінің рөлі	13
5	Дүниежүзіндегі халықаралық балалар қозғалысының пайда болу тарихы	16
6	Қазақстандағы балалар қозғалысы: құрылуы және бүгінгі жағдайы	20
7	Қазақстан Республикасындағы балалар қоғамдық қозғалысының сипаттамасы	23
8	«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының даму тұжырымдамасы	27
9	«Жас Ұлан» облыстық балалар мен жасөспірімдер ұйымы» және «Қазақстан скауттық қозғалысы ұйымы» қоғамдық бірлестіктерінің жұмыс тәжірибесінен	35
10	Алматы және Қостанай қалаларындағы балалар ұйымдарының жұмыс тәжірибесінен	42
11	Қазіргі кезеңде балалар қозғалысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар	44
12	Қорытынды	49
13	Сөздік	51
14	Қосымша	52
15	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	62

№	Содержание	Стр
1	Введение	64
2	Цель, задачи детских общественных движений	68
3	Законодательные, нормативные правовые основы деятельности детских общественных объединений и организаций	70
4	Роль системы дополнительного образования в координации деятельности и развитии детских общественных объединений	72
5	История зарождения международного детского движения в мире	75
6	Детское движение Казахстана: становление и современность	78
7	Характеристика детского общественного движения в Республике Казахстан	81
8	Концепция развития Единой детско-юношеской организации «Жас Ұлан»	86
9	Из опыта работы общественного объединения «Областная детско-юношеская организация «Жас Ұлан» и общественного объединения «Организация скаутского движения Казахстана»	96
10	Из опыта работы детских организаций городов Алматы и Костанай	103
11	Методические рекомендации по организации детского движения на современном этапе	105
12	Заключение	110
13	Глоссарий	111
14	Приложение	113
15	Список литературы	124

Кіріспе

Біз өмір сүру салтымызды, қарым-қатынас жасау мен ойлауымызды өзгертетін және білім беру жүйесіне ерекше талаптар қоятын жаһандану кезеңінде, қарым-қатынас жасау құралдарының төңкерісі дәуірінде өмір сүріп жатырмыз.

Болашақ жастардың мектеп өмірі барысында әрекет ету тәуелсіздігін көрсете алатын, пікір білдіріп, оны қорғай және дәлелдей алатын жағдайлар жасалыну керек.

Қазақстанда демократиялық мемлекет құру міндеттерінің сәтті шешімі - өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында азаматтық демократиялық түйсікті қалыптастыру, оны дамыту үрдістерімен берік байланыс орнату. Мұндай түсінік адамның конституциялық құқықтары мен еріктердің қоғамдық кеңістігінде өмір сүруін, өзінің дербестігі мен қайталанбастығын көрсету қажеттілігін анықтайды.

Негізгі элементтері патриоттық интернационалдық сезімдердің үндестігі, адамгершілік және құқықтық мәдениет, басқа азаматтарға, мемлекетке құрмет көрсету болып табылатын азаматтық ұстанымды өсіп келе жатқан ұрпақ бойында қалыптастыру құралы - Республика игілігіне бағытталған олардың әлеуметтік ынталарын қолдау және дамыту. Балалардың әлеуметтік ынталарын дамытуда әртүрлі ұйымдардың, одақтар мен қозғалыстардың құрылуы үлкен мәнге ие. Жас адам тұлғасының әлеуметтенуінде, оның қоғамда өз орнын табуында балалар қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдары жұмысы маңызды институттардың бірі болып табылады. Ол жас ұрпақтың қоғамдық өмірінде демократиялық жаңартулардың өсуіне көмектеседі.

Бүгінгі күні заманауи балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктері негізгі әлеуметтік институт ретінде танылады. Балалар қозғалысы біздің қоғам мен мемлекетке қажет. Онда жасөспірімнің өзін-өзі тану мен мемлекеттің азаматы ретінде өзін қабылдауы жүзеге асырылады.

Азаматтық қасиеттерді қалыптастыру үрдісіндегі нәтижеліктің негізгі шарты – отбасының, мектептің және қоғамның педагогикалық күштерін біріктіру. Отбасы, мектеп және қоғамдық әлеуметтік институттардың күштерін біріктіру және үйлестіру үшін біздің республикамыздың жас азаматтарын тәрбиелеуде бірыңғай мемлекеттік саясат қажет және ол саясатқа сай балалар мен жасөспірімдерді қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарға тарту жұмысын нығайтатын және үйлестіретін тәрбие берудің мемлекеттік жүйесі қажет. Бұл жүйе өзіне тиісті мемлекеттік құрылымдарды, алғашқы ұжымнан бастап мемлекеттік биліктің жоғарғы органдарымен аяқталатын барлық деңгейлердегі тәрбиелік жұмыстың нормативтік құқықтық базасын, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының азаматтарының патриоттық сезімдері мен түсініктерін қалыптастыру бойынша іс-шаралар кешенін біріктіру керек.

Бүгінгі қоғамның демографиялық құрылымында балалар мен жасөспірімдер маңызды бөлікті құрайды. Жастық көрсеткіш оларды бір топқа біріктіреді. Балалар мен жасөспірімдер өздеріне тән мүдделерді қорғау үшін

және қоғамдық қатынастар аясына «шығу» үшін ересектердің көмегімен ассоциациялар, одақтар, бірлестіктер мен ұйымдар құрады. Олардың көпшілігі көп қызмет атқарады және жас ұрпақтың әлеуметтік мүдделерінің негізін қамтиды.

Балалардың қоғамдық бірлестіктері қоғам мен мемлекеттің белсенді әлеуметтік тұлғасын қалыптастыру бойынша қажеттілігін объективті орындайды және ресми тіркелген, яғни тиісті құқықтық мәртебеге ие балалардың қоғамдық бірлестіктерімен қатар нақты сипаттамаға сай емес құрылымдарды қамтиды. Балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысына қатысу балалар мен жасөспірімдерді болашақта белгілі бір дәрежеде өзіне «байланысты» ететін және идеялық, ұйымдастырушылық әсерін сездіретін жастар мен басқа да әлеуметтік қозғалыстарда аса жауапты іс-әрекетке дайындайтын өзіндік баспалдақ болып табылады.

Бүгінгі таңдағы заманауи балалар қозғалысының сипаты - қоғам мен мемлекеттің тиісті дегейде қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың әлеуметтік-педагогикалық потенциалын қажет етпеуі.

Сонымен бірге, жағымды әлеуметтік және адамгершілік бағытқа ие балалар бірлестіктері мен ұйымдары жас ұрпақ үшін алғашқы демократия мектебі. Билік органдары мен қоғамдық құрылымдарға оларды қазақстандық азаматтық қоғам қалыптастыруда маңызды және перспективті ресурс ретінде қарастыруына мүмкіндік бар, тіпті солай болуы керек.

Білім беру ұйымдарында жаңа тәсілдерді жасау өзектілігі, принципті бағыттарды анықтау, білім беру органдарымен балалар, жастар қоғамдық бірлестіктерінің өзара әрекеттестігі өсіп келе жатқан үшінші мыңжылдық адамның позитивті әлеуметтік тәжірибесін қалыптастыру мен оның азаматтық қалыптасуының қажеттілігімен негізделеді.

Қазіргі уақытта жасөспірімдер мен жастар балалардың қоғамдық қалыптасуларының іс-әрекетіне қатысу арқылы адамдардың конструктивті әлеуметтік қарым-қатынастарын меңгеруге әкелетін тәжірибелі әрекетті игеруге нақты мүмкіндік алды. Жасөспіріммен бірге оның қызығушылықтарын, мақсаттарын анықтау педагогикалық іс-әрекеттің негізгі пәні ретінде алдыңғы қатарға шығуда.

Қоғамдық бірлестіктердің анықтамасы Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңының 2 бабында нақты көрсетілген. Бұл - заңнамаға еш қайшы келмейтін, жалпы мақсаттарды жүзеге асыру үшін ұқсас мүдделер негізінде біріккен азаматтар ынтасымен құрылған коммерциалық емес еркін құрылым.

Өздерінің жұмыс бағыттарына сай қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің түрлі топтары анықталады.

Қоғамдық бірлестіктер саяси экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мен еріктерді жүзеге асыру және қорғау; азаматтардың белсенділігі мен әуесқойлығын дамыту; кәсіби және әуесқойлық қызығушылықтарын қанағаттандыру; көркем, ғылыми, техникалық шығармашылықты дамыту; адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау; айналадағы табиғи ортаны қорғау;

қайырымдылық іс-шараларға қатысу; мәдени ағартушылық, спорттық сауықтыру жұмыстарды өткізу; тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау; патриоттық, құқықтық және гуманистік тәрбие беру; халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және бекіту; Қазақстан Республикасының заңнамасы мен рұқсат етілген басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыру мақсатында құрылады.

Өзінің табиғаты мен мақсатына орай балалар қоғамдық бірлестігі мен оқушылардың өзін-өзі басқару органы секілді балалар қоғамдық бірлестігін және қосымша білім беру жүйесінде қызығушылықтары бойынша ұйымдасқан балалар бірлестігін ажырата білген жөн.

Біздің ойымызша, бір мақсат төңірегіне біріккен Қазақстан Республикасының жас азаматтарының бірлестігі ретінде ғана емес, құндылықтары мен мүдделері, қызығушылықтары бірдей, сонымен қатар, оларды таратуда ынтымақты іс-әрекетпен қоғамда танылу және танымал болуды көздейтін «Балалар қоғамдық бірлестіктері» тұжырымдамасы дұрысырақ болар еді.

Балалар қоғамдық қозғалысының мақсаты, міндеттері

Бүгінгі таңда Қазақстандық қоғамда жас адамның өмірде өз орнын тауып, өзінің қабілеттерін ашуда көмек көрсететін көптеген мемлекеттік емес, саяси емес, коммерциялық емес өзін-өзі басқаратын қоғамдық ұйымдар бар. Олардың жұмыс істеу бағыттары да әртүрлі.

Балалар қоғамдық бірлестіктерінің басты мақсаттары - балаларға өз күштері мен мүмкіндіктерін қолдану аясын табуға көмектесу, өзінің мәртебесін сақтай отырып және өз әрекет ету амалдарын пайдалана отырып, балалар мүдделерін жүзеге асыру барысында бос кеңістікті толтыру. Балалар мектеп ішінде және сыртында өз қажеттіліктерін ескере отырып бірігеді.

Балалар бірлестігі жағдайында баланың әлеуметтену міндетін шешуге бағытталған тәрбие беру іс-әрекеті өзінің мақсаты, мазмұны, құрылымы бойынша тұлғаны қалыптастырудың басқа да факторларымен байланысты сақтай отырып, олардан көп жағдайда ерекшеленеді және ерекше білім беруді құрайды.

Әлеуметтік қарым-қатынастар динамикалық. Бұл балалардың уақытша бірлестіктерде интенсивті қарым-қатынас жасау кезеңінде қатты байқалады. Әлеуметтену үрдісі қоршаған орта мен жасөспірімдер секілді ересектердің де өмірін өзгерту мен жақсарту бойынша жалпы іс-әрекеттермен біріккен мүшелері бар топтарда нәтежиелі жүзеге асады. Аталмыш іс-әрекет өзін-өзі басқару мен өзін-өзі ұйымдастыру қағидалары негізінде балалар құқықтарын құрметтеу және қорғау негізінде құрылуы керек.

Қоғамдық бірлестіктер жұмысының мақсатын екі аспектіде қарастыруға болады. Біріншіден, ұйымға біріккен балалар алдарына мақсат қояды, екіншіден, балаларға ұйымды құрып берген ересектердің қойған тәрбиелік мақсаты. Бірінші аспекті бойынша сөз қозғағанда, балалардың ерікті түрде ұйымға бірігуі олар өздерінің мүдделерін қанағаттандырса, өмірлері үшін қызықты тұстарды көрсе ғана мүмкін болады. Сондықтан, ұйымдағы балалар іс-әрекетінің әлеуметтік бағасын өсіріп, оларды «үлкендер» қатарына жақындатқан маңызды. «Баланың» мақсатына қайшы келмейтін екінші аспект нәтижесі баланың қоғамдағы әлеуметтік қызметтерді орындауға құштарлығы мен дайындығын сәттірек жүзеге асыру үшін ұйымда жағдайлар жасауды көздейді. Яғни, балалардың қоғамдық бірлестігі - балалар мен жасөспірімдердің ресми мүшелік бірігуімен бекітілген ерікті, өзін-өзі басқару, әуесқойлық, ұйымдастырушылық және тәуелсіздік қағидаларынан құралған.

Айта кететіні, балалар бірлестігі екі жақты әсері бар балаға ықпал етуші маңызды фактор. Бір жағынан жаңа ұмтылушылықтардың қалыптасуына, олардың өзара байытылуына жағдай жасай отырып, баланың қажеттіліктерін, мүдделерін, мақсаттарын қанағаттандыруға мүмкіндік туғызады; екіншіден өзін-өзі шектеу жолы мен ұжымдық таңдау арқылы, қоғамдық нормалар, құндылықтар, әлеуметтік бағдарламалардың түзетулері әсерімен тұлғаның ішкі мүмкіндіктерінің сұрыпталуы жүреді. Баланың қызығушылықтарын,

құқықтарын, абыройын, ерекшелігін сақтай отырып, қорғаныштық функцияларды да жүзеге асырады.

Балалар бірлестігіндегі әлеуметтену үрдісі балалар мен ересектердің бірлескен іс-әрекеті барысында қызығушылықтардың ұқсас таңдалуында ғана нәтижелі болмақ. Солай бола тұра бірлестіктің өмір сүру формасын таңдау құқығы, бір топтан екінші топқа, бір шағын ұжымнан басқаларға өту еркіндігі, өз бағдарламаларын жүзеге асыру үшін ассоциациялар құру мүмкіндігі балаларда болуы керек. Мектеп балалар ұйымы жұмысының негізгі мақсаты ретінде біз айналадағы шындықты жас қазақстандық ұрпақтың тануы мен оны жетілдіруге көмектесу, олардың азаматтық ұстанымдарын нақтылау ретінде танимыз. Бұл тұжырымдамада азаматтық тәрбие берудің үш маңызды компоненті біріктірілген: қоршаған орта, оның жаңарған бейнесін тану және Қазақстанның жас тұрғындарының азаматтық ұстанымын қалыптастыру. Бұлардың байланысы балалар ұйымының миссиясында ақталған және терең диалектикалық мағынаға ие.

Әлемді танусыз оны жақсарту мүмкін емес. Тану үдерісі барысында нағыз азамат және патриот (сондықтан да ұйым алдына міндет ретінде «Отанды сүйетін, жер бетінде өмір сүріп жатқан барлық халықтарды сыйлайтын» тұлғаларды қалыптастыруға жағдай жасауды қояды) адамдардың, өзінің мемлекетінің, бүкіл Адамзаттың, табиғаттың, мәселелері мен қайғы-қасіретіне көз жұмып кете алмайды. Ал, жасампаз қоғамдық тәжірибе оның Әлемді әрі қарай ашуға және өзін жетілдіруге деген ұмтылысына дем береді. Бұл болса, өз кезегінде өмірді жақсартуға деген адамдардың мүдделеріне, тынымсыздығына, белсенділігіне негізделген шынайы патриотизмді, сөздік емес, іс арқылы танылатын нағыз азаматтылықты қалыптастырады. Осы арқылы біз - тәрбие, әлеуметтену, тұлғаның өзін дамыту деген шыңдардан тұратын «педагогикалық үшбұрышты көреміз».

Балалар қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдары жұмысының заңнамалық, нормативтік құқықтық негіздері

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының барлық білім беру ұйымдарында балалар қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктері жұмыс жасайды. Оның құрамына 7-18 жас аралығындағы оқушылар кіреді. Балалар қоғамдық ұйымдарынан балаға өзінің ішкі мүмкіндіктерін ашу және жүзеге асыруға көмек көрсету, тәуелсіздік, ынталылық, өзін дамытуға деген қабілеттілік, өз орнын табу, өзін жетілдіру сапаларын дамыту талап етіледі.

Бұл талаптар балалар қоғамдық ұйымдары іс-әрекетінің регламентін белгілейтін нормативтік құқықтық құжаттарда өз көрінісін тапты: ҚР Конституциясы, ҚР «Білім беру туралы» заңы, Бала құқықтары туралы конвенция, 2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының білім беру концепциясы т.б. Соңғы құжатта білім берудің негізгі мақсаты ретінде балалар мен жастардың жан-жақты және уақытылы дамуы, тұлғаның өз білімін арттырумен өмірде өз орнын табу қабілеттерін қалыптастыруы атап көрсетіледі.

Балалар қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдарының мазмұны бағыттарының жоспарлануы Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілерінде бекітілген, регламенттелген қағидаларға сай жүзеге асырылады. Көбіне балалар қоғамдық бірлестіктері жұмысының құқықтық қамсыздандырылуы өзіне төменгілерді қосады:

- 1) «Балалар құқықтары жөніндегі» Конвенция;
- 2) «Қазақстан Республикасының балалар құқықтары жөніндегі» Заңы 2012 ж. 8 тамыздан;
- 3) «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңы 1996 ж. 31 мамырдан;
- 4) «Қазақстан Республикасы жастар саясатының мемлекеттік Концепциясы» 1999 ж. 28 тамыздан №73;
- 5) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты жөнінде» Заң 2014 ж. 7 шілдесінен № 581 – II;
- 6) Қазақстан Республикасында үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбие беру концепциясы 2009 ж. 16 қарашадан №521;
- 7) «Қазақстан 2030 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ҚР Президентінің Жолдауы;
- 8) «Қазақстан Республикасының 2011-2020 жж. арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» ҚР Президентінің жарлығы 2010 ж. 7 желтоқсаннан №1118;
- 9) «2020 жылға дейінгі ҚР дамуының Стратегиялық жоспары жөнінде» ҚР Президентінің жарлығы 2010 ж. 1 ақпаннан № 922.

«Бала құқықтары туралы» Заң – балаларға қатысты мемлекет саясатын реттейтін, негізге алынатын құқықтық акт. Онда БҰҰ бала құқықтары жөніндегі Конвенциясының маңызды ережелері бекітілген. Заң балалық жастың шекарасын анықтайды және бала – туылғаннан бастап 18 жасқа толғанға дейінгі жеке тұлға екенін белгілейді.

Заңнамалық актінің негізгі ережелерінде Қазақстан Республикасының мемлекет және қоғам тарапынан балалар институтын қорғау бойынша маңызды саяси, әлеуметтік және экономикалық міндеттер көрсетілген. Ерекше қамқорлық пен әлеуметтік қорғаныс ерекше психофизиологиялық дамуы бар балаларға, уақытша немесе тұрақты өзінің отбасынан айырылған, не басқа да жағымсыз жағдайлар мен экстремалды оқиғаларға душар болған балаларға кепілдік түрінде беріледі. Сонымен қатар, заңмен мемлекеттік органдар тарапынан балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға және жүзеге асыруға көмектесетін қоғамдық бірлестіктер жұмысын қолдау нақтыланады.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты жөніндегі»

Заңы - мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудың негізгі қағидаларын белгілейді, мемлекет пен жастардың қарым-қатынасын анықтайды, балалар мен жастар қоғамдық бірлестіктерінің еркін дамуына кепілдік береді.

Мемлекеттік жастар саясатының субъектілері ретінде 14 пен 29 жасқа дейінгі жастар; жұбайының екеуі де 29 жасқа жетпеген жас отбасылар; сонымен қатар жастар қоғамдық бірлестіктері танылады. Жастар ұйымдары - негізгі мақсаты жастардың рухани және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыруға, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған әлеуметтік, мәдени, білім беру және басқа да міндеттерді шешу болып табылатын заңдық тұлғалардың ассоциациясы (одақ), қоры, сонымен қатар жастар өкілдері болып табылатын мүшелері бар қоғамдық бірлестіктер түрінде құрылған коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйымдар.

«Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заң - жас азаматтардың бірлесуге құқығын жүзеге асырумен пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейді, қоғамдық бірлестіктерді құру, тіркеу және олардың іс-әрекетін жүзеге асыру қағидаларын анықтайды. Қоғамдық бірлестік ретінде азаматтық, экономикалық, мәдени және әлеуметтік құқықтарын бірге жүзеге асыру үшін жалпы мүдде негізінде құрылған азаматтардың ерікті қалыптасу танылады. Қоғамдық бірлестіктер еріктілік, тәуелсіздік және жариялылық қағидалары негізінде құрылады және жұмыс атқарады.

Құжат мемлекеттің қоғамдық бірлестіктерге олардың жарлықтық іс-әрекетін жасау барысында заңнамада көрсетілген рет бойынша көмек көрсету мүмкіндігін қарастырады. Заң қоғамдық бірлестіктерге ақпаратты еш кедергісіз алу және тарату; іс-әрекет барсында өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін көрсету және қорғау; жарғылық мақсаттар мен міндеттерді шешуге бағытталған өндірістік-шаруашылық жұмысын жүзеге асыру құқығын береді.

«2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы білім берудің мемлекеттік даму бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығында балаларға қосымша білім бер мазмұнын жаңарту, құқықбұзушылық пен басқа да әлеуметтік емес құбылыстардың алдын алу бойынша әр оқушыны жеке психология-педагогикалық сүйемелдеумен қамтамасыз ету, жарыстар мен қосымша білім беру олимпиадалары жүйесі арқылы оқушылардың қоғамдық және әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру бойынша балалар қоғамдық бірлестіктерін дамыту туралы айтылады.

Жоғарыда көрсетілген құжаттар әлеуметтік тәрбие берудің барлық субъектілері, деңгейлері, құрылымдары, соның ішінде қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдарының жан-жақты дамыған, адамгершілігі кемелденген шығармашылық тұлғаны қалыптастыру жағдайын ұйымдастыру үрдісі барысында тәрбие берудің сабақтастығы, болашақ мүмкіндіктері, үздіксіз қағидаларын қамтамасыз етуге міндетті.

Сонымен, балалар мен жасөспірімдер қоғамдық бірлестіктерінің жұмысы құқықтық және нормативтік актілердің кешеніне бағындырылған. Бұл өз кезегінде мемлекеттік жастар саясаты деңгейінде балалар мен жастардың әлеуметтік дамуында, олардың құқықтарын қорғауда, ынталарын қолдауда қоғамдық ұйымдардың әлеуметтік маңыздылығының дәлелі. Балалар мен жасөспірімдердің бірлестіктері мен ұйымдары – бұл қоғамдық өмірдің объективті құбылысы, балалар мен жасөспірімдердің дамуының әлеуметтік институты, жас азаматтардың қоғамнан өз орнын табудағы шығармашылық әдіс, азаматтылықтың, патриотизмнің, әлеуметтік өмірге бейімделу мектебі.

Нормативтік құқықтық актілерге сай білім беру ұйымдары тіршілік ету қағидаларына негізделген әлеуметтік мәртебені есепке ала отырып, қоғамдық бірлестіктермен және ұйымдармен әлеуметтік-педагогикалық қарым-қатынасты жүзеге асыруға шақырылған.

Балалар қоғамдық бірлестіктердің жұмысын үйлестіру мен дамытуда қосымша білім беру жүйесінің рөлі

Республикамыздың Президенті Н.А. Назарбаев отандық білім беру жүйеміздің басты даму бағыты ретінде сыртқы ортамен қажетті қарым-қатынасқа түсіп, оған тез арада бейімделіп, әрекеттесуге мүмкіндік беретін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуды атап көрсетеді. Әр балаланың жеке қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ететін және білім алып жатқан әр тұлғаның өзін-өзі анықтау мен қоғамда өз орнын табу үшін жағдай жасайтын қосымша білім беру жүйесі, мемлекет басшысы белгілеген міндеттерді жүзеге асыра алады, оларды жүзеге асыруға жәрдемдесуге міндетті де. Қазақстан Республикасының әрекет етіп отырған заңнамасына сәйкес қосымша білім беру (1 бап, 11 тармақ) – азаматтардың білім беру қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатымен барлық деңгейдегі қосымша білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асатын тәрбие беру және оқыту үрдісі.

Егер жас азаматтардың білім беруге қажеттіліктерін балалық жаста тұлғаның қалыптасуы немесе жасалуының (қалыптасу, адамның шынайы адами негізінің балалық шақта қалыптасуы) негізгі табысты әлеуметтік факторы деп таныса, онда қосымша білім беру оқыту мен тәрбие берудің мемлекеттік жүйесінде **келесі функцияларды атқаруы керек деп пайымдауға болады:**

- **қосымша бағдарламалар арқылы баланы терең немесе арнайы оқыту, жана білім, дағдыларды сіңірту мен қабілеттерін дамыту;**

- **тәрбие беру:** балаларды, әр баланы оның тұлғалық және жеке мүмкіндіктері негізінде мәдениетке араластыру;

- **креативті:** әртүрлі әлеуметтік деңгейлерде әр баланың жетістіктерін мойындау және бекітумен бірге, олардың шығармашылық қабілеттерін анықтау, дамыту және жеке потенциалын табысты жүзеге асыруға арналған икемді жүйе мен жағдайлар жасау;

- **орынтолтырушылық:** баланың өзіне ғана емес, оны қоршаған социумға қажетті ілгерішіл нәтижелері бар өзі таңдаған іс-әрекет аясында табысқа жетуге белгілі бір кепілдіктер беру;

- **рекреационды** (адамдар, балалар мен үлкендер әлемі арасында әлеуметтік қатынастарды реттеу): эмоционалдық шаршау, қысым мен ыңғайсыздықты жоюға, жіберілген күштің орнын толтыруға, психологиялық жеңілдеуді қамтамасыз етуге, міндетті оң жарқын эмоциалары бар демалысты өткізуге (гедонистік қызмет) көмектесетін толық, қауіпсіз, балаларға психологиялық жақтан жайлы бос уақытты ұйымдастыру. Бұл қызмет демалысты, ойын-сауықты және бос уақытта балалардың мазмұнды уақыт өткізуіне көмектесетін әлеуметтік байланыстарды кеңейтуді, әңгімелесуді өзінде біріктіретін іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асады. Балалар мәдениет нормаларына жауап бере отырып әртүрлі әлеуметтік ынталар, жобалар арқылы бірте-бірте өзін-өзі ұстаудың жоғарғы формаларына көтеріліп, қоғамдық өмірге қосылады, ал мәдени-сауықтық іс-әрекет, өзара қарым-

қатынас жасау рекреациондық қызметтің өзін атқарады. Бала мәдениетті меңгере отырып, нормадан үлгіге жақындай отырып өз күшіне сенеді, табысты шығармашылық әрекет негізінде лайықты мойындауларға ие болады;

•**кәсіби бағдарлық:** әлеуметтік маңызды мамандықтарға қатысты әрекеттерге тұрақты қызығушылықты қалыптастыру, балаларды өздерінің жеке қасиеттері, қабілеттері мен еңбек нарығы қажеттіліктеріне сай саналы түрде мамандық таңдауға дайындау;

•**білім беру интеграциялары:** жеке ерекшеліктерді есепке ала отырып қарым-қатынастарды үйлестіру негізінде аймақ дәрежесіне лайықты біртұтас білім беру кеңістігінде табысты жұмыс жасау;

•**әлеуметтену:** баланың өз жолын анықтауға және жеке жауапкершілігі мен болашаққа жоспарларын, өмірдің әлеуметтік-мәдени маңызды аяларында міндетті қоғамдық мойындалуына көмектесетін жеке мүмкіндіктерін, шығармашылық қажеттіліктері мен қабілеттерін табысты жүзеге асыру жүйесін жасау арқылы әр баланың өмірлік маңызды дағдыларын қалыптастыруға, дамытуға жәрдемдесу.

Жас ұрпақтың табысты азаматтық қалыптасуы мен одан жеке және қоғамдық деңгейде қажет етілетін адамгершілік-рухани, әлеуметтік-мәдени қалыптасуы арқылы танылатын әлеуметтенуде мемлекет бекіткен білім беру жүйесі ретінде танылатын балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметі өте маңызды.

Бұл тұрғыдан бүкіл жүйе секілді мемлекеттік білім беру жүйесінің қосымша құрылымдық бөлшегінің мәртебесі әр қосымша білім беру ұйымы секілді алға бастаушы болып, жоғарғы мемлекеттік маңыздылықты иеленеді, азаматтық, адамгершілік-рухани, патриоттық және білім беру үрдісінің басқа бағыттарында өсіп келе жатқан ұрпақтың әлеуметтік қалыптасуында стратегиялық фактор мазмұны ретінде танылады.

Сондықтан да қосымша білім беру жүйесі мемлекеттің ерекше білім беру институты ретінде балалар әлеуметтік ынталары мен балалар қоғамдық қозғалыстарының әртүрлі танылу түрлері мен әрекет ету көптүрлілігінде жан-жақты қолдау қызметін жүзеге асыруға арналған: мектептегі өзін-өзі басқару, мүдделер бойынша құрылған балалар бірлестіктері, клубтық қалыптасулардан ресми заңдық мәртебеге ие балалар қоғамдық бірлестіктері.

Бұл ретте қолдаудың бастаушы бағыттары - төмендегі мәселелерді шешуде компетентті көмек көрсету, компетентті қолдау болып танылады:

•**яғни жұмысын бақылау, белгілеу, кадрларды таңдау бойынша ұсынымдар, оларға кеңес беру, оқыту мен біліктілігін жоғарылату тұрғысынан БЖҰ іс-әрекеті мен дамуын кадрлық қамтамасыз ету мәселелері;**

•**балалар шығармашылығы мен әлеуметтік маңызды ынталарға, жобаларға, форумдарға, жиындарға ақпараттық, бағдарламалық, технологиялық қолдау, көмек көрсету;**

•**еріктілік, ашықтық пен балалар ынталарының қағидалары негізінде әрекет ететін, ресми заңды мәртебесі жоқ ынталы БҚҰ-лардың тұрақты кеңістікті дислокациясының мәселелерін шешуге жәрдемдесу (іс-әрекет аясы**

(кеңістігі), мақсаттылық, қауіпсіздік пен жайлылық қағидаларына негізделген орындарды қамтамасыз ету);

- өзектілік, мақсаттылық, ғылымилық, тарихилылық, логикалық сабақтастық қағидалары мен БҚҰ-ның ең үздік нәтижелі іс-әрекет тәжірибесі, аймақтық, республикалық және халықаралық деңгейде балалар қоғамдық қозғалысының жетістіктері мен даму мүмкіндіктері негізінде балалар қоғамдық қозғалыстарының ғылыми-әдістемелік қамсыздандырылуы;

- Қазақстан Республикасының әрекет етіп отырған заңнамасы мен «Балалар құқығы жөніндегі» БҰҰ Конвенциясы негізіндегі білім беру жүйесінің даму бағыттарымен, мемлекеттік жастар саясатымен, ғылыми негізделген мәліметтерді есепке ала отырып жасалған жан-жақты сараптама мен болжауды үйлестіру.

Балалар ұйымдарының жұмысы білім беру ұйымдарының тәрбие беру жұмысында кең пайдаланылады, сондықтан балалар қоғамдық ұйымдары көбіне мектептер мен мектептен тыс ұйымдарда құрылады. Балалар ұйымдары мен қозғалыстарын мектептен тыс және басқа да білім беру ұйымдарының жетекшілері, жетекшілердің орынбасарлары мен әдіскерлер басқарады.

Дүниежүзіндегі халықаралық балалар қозғалысының пайда болу тарихы

Халықаралық балалар қозғалысының ғасырға жуық тарихы бар. Қай заманда болмасын үлкендердің балалық шаққа деген қарым-қатынасы ерекше болған. Алғашқы балалар қозғалысы 1907 жылы Англияда Роберт Стивенсон Смит Баден-Пауэллмен құрылған. Бұдан соң жалпы христиандық ұйымдар, қыздарға арналған, білім беру ұйымдары оқушыларға арналған бірлестіктер пайда болды. 1945 жылдан соң коммунистік балалар ұйымдары Шығыс Европада, Азияда, Кубада кеңестік жас пионерлер үлгісі бойынша құрыла бастады. Демократиялық мемлекеттердегі балалар қозғалысының даму ерекшелігі – мемлекеттік құрылымдардан балалар бірлестіктерінің салыстырмалы түрдегі тәуелсіз жағдайы. Көптеген Европа мемлекеттерінде ұлттық ұйымдарға субсидия түрінде мемлекет деңгейінде көмек көрсетіледі. Солай бола тұра бұл құрылымдардың жұмыс мазмұнына ешқандай қолсұғушылықтар болған емес, болып та жатқан жоқ. Халықаралық балалар қозғалысының қоғамдық құбылыс ретінде дамуы мен құрылу тарихы білім беру мен тәрбие беру жүйелерімен үздіксіз байланыста. «Еркін тәрбие туралы» педагогикалық тәжірибелердің алғашқы талпыныстары мұсылман ағартушысы және ойшылы Кейхаусытың (Кодекс Куманикус 9 ғасыр) және Европа ағартушысы Витторина Де Фельтре еңбектерінде көрсетілді. Еркін тәрбие беру идеясы қарым-қатынас жасау, білім мен тәрбие алу формасын таңдауда оқушының таңдауы бірінші орынға қойылды. Оқушылар өзінің сабақтан бос уақытында жеке интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерін қанағаттандыру мақсатымен қосымша жұмыспен айналыса алды. Талантты балалардың мектепте былай шоғырлануының арқасында бір мақсатқа (қоғамдық пайда, шығармашылық кештер, серуендер, экскурсиялар, мәдени-көпшілік іс-шаралар, қарт адамдарға көмек) жету жолында олар ерікті түрде өзара қарым-қатынас жасап, бірігу мүмкіндігіне ие болды.

Американ ағартушысы және педагогі Э. Жильдің «Мектептік республика - Publicofskhool» (1985 ж.) құралы әлемде үлкен танымалдыққа ие болды. Автордың идеясы негізінде кейіннен «Балалар пансиондары мен лагерлері», «Сеттельменттер» (С.Т.Шацкий, В.Зеленко), «Балалар коммуналары» (А.С.Макаренко), «Оқушылар сарайлары» және «Қосымша білім беру орталықтары» пайда болды. Яғни Э. Жильді қосымша білім беру педагогикасы мен лагерь педагогикасының негізін қалаушы деп атауға болады.

Кейбір мемлекеттерде балалар мен жасөспірімдердің ерікті бірлестіктері инициативті және уақытша сипатта болса, скаут балаларда, бүкіл әлемдік скаут ұйымының негізін қалаушы Б.Р. Пауэллдің арқасында, жоспарлы және мақсатты түрде жүріп отырды. Сэр Роберт Баден Пауэлл (1857-1941) Британ әскерінің генералы болды. Әскери ұрыстарға қатысқан (<http://en.wikipedia.org>). Скауттармен шеберскауттарға (тәлімгерлер) арналған көптеген кітаптар мен тәжірибелік кеңестерді жазған. «Балаларға арналған скаутинг» (1907) кітабы балалар қозғалысын зерттеушілерге арналған таптырмас құрал болып табылады. Сілтеме: <http://en.wikipedia.org/wiki/Scouting>. Скаутингтің қалыптасуына

көп үлес қосқан Эрнест Томрсон Сетон (1860-1946). Ресей Империясының Императорының Жарлығымен 1909 жылы (Павлов саябағы, Царское селосы, 1909 жылдың 30 сәуірі) «Русский скаутинг» балалар мен жасөспірімдер ұйымы құрылады. Дәл осындай ұйымдар ТМД шекарасындағы басқа да мемлекеттерде Украинада (Артемовск, Донецк қалалары, 1909 жыл), Грузияда (Батуми) және Саратов пен Астрахань қалаларында құрылады. Пантюхов О.И. Ресей скауттарының бірінші жетекшісі болып табылады. В.Г.Янчевецкий, Н.Адуева, В.Попова есімдері Ресейдегі скауттар қозғалысының құрылу тарихымен байланысты. Сілтеме: <http://ru.wikipedia.org/wiki/Скаутинг>.

«Алаш-Орда» Үкіметінің мүшелері (1917-1920) және Ресей империясы Мемлекеттік Думасының Депутаттары Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Шоқай, С.Қадырбаев, Б.Сырттанов, М.Тынышпаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, Х.Ғаббасов, Б.Құламанов, А.Тұрлыбаев пен қазақ зиялыларының басқа да өкілдерінде Мемлекеттік Дума мен Император II Николайдың жасырын кеңсесінің құпия ақпараттарына еркін кіру құқығы болды, сонымен қатар басқа да, соның ішінде Ресейден тыс, яғни Орта Азия мен Қазақстан аймағында Скаутизмді дамыту сұрақтарына қатысты құжаттармен жұмыс істей алды. Бірақ өкінішке орай «Қазақ скаутизмінің» болғандығы туралы нақты деректер анықталмаған. Қазақ даласындағы саяси жағдайға адмирал А.Колчактың ықпалы зор болды. «Қазақ скаутизміне» қатысты сұрақтар «Уфалық» және «Омбылық» Декларациялар отырысында қарастырылуы мүмкін еді. Сілтеме: <http://ru.wikipedia.org/wiki/Алаш-Орда>.

Ресей империясы құлағаннан соң 1917 жылы Мәскеуде Спартак атындағы балалар коммунистік ұйымы құрылады. Кейін В.И.Ленин атындағы Жалпыкеңестік пионерлер ұйымы (1922) пайда болады. Жалпыкеңестік пионерлер ұйымының құрылуы адамдар санасына күшті саяси және идеологиялық ықпал жасады. В.Крижановский, В.Луначарский, Н.К.Крупская секілді ірі мемлекеттік қайраткерлер КСРО-дағы пионерлер қозғалысының дамуы мен құрылуына үлкен үлес қосты. Ресейдегі скауттік ұйымдар Жалпыкеңестік пионерлер ұйымының келуімен биліктің қудалауына ұшырады. «Қызыл скаут» (Ливны қаласы) атты балалар ұйымын құру талпынысы сәтсіз болды. Соңғы скауттық Джамбори (Жиын) (Всехвятское, Подмосковье, 1923 ж) қуылып, барлық жетекшілер қамауға алынды.

Ғалым және ағартушылар А.С.Макаренко, С.Т. Шацкий, В.Зеленко, В.Лебединский, С.Болдырев, З.Ходоровская, Л.Алиева, А.Волохов, Р.Литвак, И.Фришман пионерлік және балалар қозғалысының құрылуы мен даму ісіне үлкен үлес қосты. В.И.Ленин атындағы Жалпыкеңестік пионерлер ұйымы халықаралық балалар қозғалысы тарихында өшпес із қалдырды. Жалпыкеңестік пионерлер ұйымы моделінің теориясы және тәжірибесі негізінде әлемнің көптеген елдерінде (Аргентина, Куба, Вьетнам, Венгрия, АҚШ, Жапония, Үндістан, Эфиопия және т.б.) пионерлік ұйымдар құрылды.

Пионерлер қозғалысы мемлекеттік-саяси сипатта болып, соңында оны ыдырауға әкелген болса да, тарихта өзінің тәрбие беру жұмысының зор тәжірибесін қалдырды. Пионерлік және комсомолдық жұмыстың көпжылдық

тәжірибесі кеңестік тәрбие беру моделінің құндылығы мен негізін анықтады. Марат Казей, Леня Голиков және т.б. пионер-қаһармандар үлкендермен бірге ҰОС-ның ұрыстарына қатысты, «Тимурлық қозғалыс» гуманистік тәрбие беру үлгісінің жарқын үлгісі болды. Сілтеме: http://ru.wikipedia.org/wiki/Детское_общественное_объединение.

Бүгінгі таңда балалар қозғалысы жөніндегі сұрақ өзекті. Бізді қазіргі жасөспірімдердің мінез-құлқы алаңдатады. Балаларды әрқашан мектепте ұстап, таяқпен оқыту мүмкін емес. Олар сабақтардан қатты шаршайды, білім беру Стандартына сай бәрін талап ете отырып, біз олардың жеке пікіріне көңіл бөле бермейміз. Сабақтан кейін балалар үшін олардың өмірінде үлкен маңызға ие өзара әрекет жасау түрі – қарым-қатынас. Қарым-қатынас жасау оқушылар арасындағы өзара әрекет етудің коммуникативті-ынталандыру аясы ретінде жасөспірімдердің тұлғалық және азаматтық өсуінің маңызды құраушы бөлігі болып табылады. Қарым-қатынас жасау нәтижесінде олар ұйымдастырушы және жалпы мүдделердің рухтандырушысы ретінде өздерінің көшбасшысын таңдайды. Қазіргі таңда формалды емес көшбасшылардың рөлі күшейіп бара жатқанын тәжірибе көрсетіп отыр (қиын балалар, жеке бедел, педкеңестің шешімімен құрылған оқушылық өзін-өзі басқару және т.б.). Егер кенет көшбасшының орнында беделі күдік тудыратын «қоғамға қарсы тұлға» тұра қалса, онда балалар ұйымының болашағына қауіп төнеді. Балалардың көбі сөзге тез көнеді, олар ашық және білімқұмар, олардың көпшілігі үлкендерге сенеді. Балаларға тән осы қасиеттерді «жақсылық ойламайтын көшбасшылар» пайдаланып, өз істері арқылы балаларды қажет емес нәтижелерге итеріп жіберуі мүмкін (нашақорлық, қылмыс, діни фундаментализм, ұрлық, лаңкестік, экстремизм, геноцид, нигилизм және т.б.).

Балалар қозғалысы тарихында, дәлірек айтсақ, ФГР А.Гитлер басқарған тұста әлемде бірінші рет ұлтшыл фашистік «Гитлерюгенд» балалар ұйымы құрылды (1926). Сілтеме: <http://ru.wikipedia.org/wiki/Гитлерюгенд>. Рейстаг «Гитлерюгенд туралы Заң» Заңын қабылдады (1936ж., 1 желтоқсан.). Жетекшілері – Бальдур фон Ширах, А.Аксман. Гитлер 1938 жылы Рейхенбергте сөз сөйлей отырып (чех Судеттерінің Германияға қосылған қаласы, қазір Либерец), неміс жастарының тағдыры туралы былай деген болатын: «Бұл жастар - немісше ойлау мен немісше іс-әрекет жасаудан басқа ештеңеге үйреніп жатқан жоқ. Және бұл ұлдар мен қыздар он жасында біздің ұйымға келіп сол жерде алғаш рет таза ауаның қандай екенін сезінеді. Юнгфольктағы төрт жылдан соң олар тағы да төрт жылдық мерзімге гитлерюгендке көшеді, бұдан соң біз оларды кәрі ата-аналарының қолына немесе мектеп тәрбиешілерінің қолына емес, партияға немесе Жұмыс майданына, СА немесе СС, НСКК және т.б. қабылдаймыз. Ал егер олар онда бір жарым, екі жыл бола тұрып нағыз ұлтшыл-социалистер болмаса, оларды «Еңбек міндеткерлігіне» тартамыз, олар онда неміс күрегімен алты-жеті ай бойы жұмыс істейтін болады. Ал алты немесе жеті айдан соң кластық сана мен сословиелік өркөкіректіктен қалған дүниемен келесі екі жылда вермахт айналысатын болады. Олар екі, үш, немесе төрт жылдан кейін келген соң біз оларды бірден СА, СС және т.б. аламыз.

Себеп – еш жағдайда оларды бұрынғыға жібермеу үшін. Және олар ешқашан, өмір бойы еркін болмайды». Сілтеме: <http://ru.wikipedia.org/wiki/Гитлерюгенд>.

Хунвэйбиндер (дәстүрлі қытай: 紅衛兵, қарапайым: 红卫兵, пиньинь: *hóngweibīng*, «қызыл гвардия, «қызыл күзет») – 1966-67 жылдары құрылған Қытайдың студенттік және мектеп жастарының отрядтары, Мәдени төңкерістің белсенді қатысушыларының бірі. Хунвэйбиндік қозғалыстар автономды болды және марксизмді өзінше түсінуіне сай әрекет етті, сонымен қатар Мао және партияның басқа да көшбасшыларының жалпы нұсқауларымен жүруге тырысты. Хунвэйбиндік ұйымдар жұмысшы таптың диктатурасын жүзеге асыру үшін халықтың өзі құрған ұйымының түрі болды. Хунвэйбиндер арасында үлкен қайшылықтар болды. Хунвэйбиндердің бір бөлігі ауқатты адамдар мен кадрлық жұмысшылардың балалары болса, көп бөлігі жұмысшылар мен шаруалардың балалары болды. Осыған байланысты хунвэйбиндер ұйымы «қызылдар» (байлардың балалары) және «қаралар» (кедейлердің балалары) болып бөлінді. Осы ұйымдар өзара жауластық сипатта өмір сүрді. Хунвэйбиндер «қолда билігі бар және капиталистік жолмен жүріп бара жатқандарға», «қара ревизионистерге», «Мао төрағаға қарсыларға», профессорлар мен зиялыларға қарсы жаппай бүлік жасап отырды; «Төрт өткеннің қалдығын жою» кампаниясы барысында мәдени құндылықтарды жойды; дацзыбао көмегімен жаппай сынды жүзеге асырды. 1969 жылға қарай көбі «Биігірек тауға қарай, төменірек ауылға» кампаниясы барысында Қытайдың ауылдық аудандарына көшірілді. Сілтеме: <http://ru.wikipedia.org/wiki/ҚХР>.

Алынған тәжірибелер балалар бірлестіктерінің өзінің әлеуметтік аясы болу керектігін дәлелдейді. Олардың мойнына жаһандық мақсаттар, басқа қоғамдық немесе мемлекеттік институттардың міндеттерін арту - жойылумен тең.

Қазақстандағы балалар қозғалысы: құрылуы және бүгінгі жағдайы

1990 жылы Қазақстан Республикасының пионерлік ұйымы Балалар ұйымы федерациясының ПҰО-сына аймақтық құрылымдық бөлімше құқығы негізінде кірді. Қазақстан балалар ұйымы федерациясы атағын алысымен республикада Қазақстандағы балалар қоғамдық ұйымдарының дамуы мен іс-әрекетін ұйымдастырудың ынталы бағдарламалары белсенді түрде жасала басталды. Бұл уақытта жас қазақстандықтарды туған тарих, этникалық мәдениет пен қазақ халқының дәстүріне белсенді тартуға негізделген, олардың санасын ұлттық жаңғыртуға бағытталған «Атамекен» Қазақстан балалар қоғамдық ұйымының жұмыс бағдарламасы кең таралып, танымалдыққа ие болды. «Атамекен» бағдарламасының негізгі бағыттары Қазақстан жалпы орта білім беру мектептерінің жартысынан көбін қамтып, алғашқы «Атамекен» ұйымдарының қалыптасуына мүмкіндік берді. Осы мезеттен бастап «Атамекен» балалар ұйымы үшін бұл басты кезең болды. Бір жағынан балалар ұйымдарының жаңа ұрпағы қалыптасқан болса, екінші жағынан өсіп келе жатқан ұрпақ санасында патриотизм, ұлттық сана, тәуелсіздік пен ұлттық мақтанш сезімінің қалыптасуына әсер етті. «Атамекен» бағдарламасы орыс, өзбек, ұйғыр тілдеріне аударылып, бұқаралық ақпарат құралдары бетінде жарияланды («Русский язык и литература в школе», 1992 жыл №4, «Уйгур Авази» 1993 жыл 13 ақпан, ҚББ сайты Қостанай қаласы: www.edu-kost.kz, РФ Омскі: www.omskprint.ru). 1991 жылдың 7 желтоқсанында өткізілген «Атамекен» I Республикалық Құрылтайы «пионер бөлмесі» орнына – «Атамекен ордасы» штабын құруды, ал пионер вожатыйды – тәлімгер, октябрияларды – балдырған, пионерлерді – ұлан, комсомолдықтарды – мирас (мұрагер) деп атауға ұсыныс жасады. «Атамекен» I Құрылтайы нарықтық экономика жағдайында балалар қоғамдық бірлестіктерінің үлкен мүмкіндіктері мен тәрбиелік маңызын көрсетті. Бұдан соң 1992 жылы пионерлердің кезектен тыс Жиыны шақырылады. Жиын барысында барлық балалар бірлестіктеріне қатысты сұрақтар қарастырылып, «Атамекен», «Жұлдыз», «Кәусар бұлақ» балалар ұйымдарының бағдарламалары қабылданды. Бұл дәстүрлер басқа да балалар ұйымдарында жүзеге асты: «Жас көшбасшылар ассоциациясы» (Бахмутова Н.И.), «Жұлдыз» РБҰО (Дмитриенко Е.А.), «Қазақстан скауттарының ұйымы» (Деймунд В), «Мың бала» (Нұрқаділов З., Ахметов К.), «Болашақ» (Иманбаева С.Т.), «Жас ұрпақ», «СМиД», Ұлттық дебат орталығы (Отарбаева Б.З.) және т.б.

Өңірлік және профильдік ұйымдардың іс-әрекетін үйлестіру қызметі ПҰО (БҰД) құрамына кіретін Балалар ұйымдары одағына (Қазақстан пионер ұйымдарының федерациясы) артылды.

Елдің тәуелсіздік алуымен бірге ПҰО (БҰД) рөлі Қазақстан балалар қозғалысының үйлестірушісі ретінде едәуір әлсіреді. Бірақ ұйым жабылмады, біртіндеп балалар қоғамдық қозғалысы сахнасынан түсті. Оның қазіргі құрамына Қазақстанның солтүстік аймақтары, негізінен, Солтүстік-Қазақстан облысы, Павлодар облысы мен т.б. кіреді.

Айта кететіні, «Жұлдыз» бағдарламасын өзінің іс-әрекетінің негізі ретінде алған, пионер қозғалысының идеялық ұстанымдарында қалған, негізгі қағидалардан ауытқымай, ПҰО (БҰД) ұранын сақтап, оның мұрагері ретінде болса да Қазақстан балалар қоғамдық қозғалысы ПҰО (БҰД) жүйесінде құрылымдық өңірлік білім беру ретінде ресми түрде нақты мойындалмады. Қазақстанның балалар қоғамдық ұйымдарының ұстанымдарын бекіту және олардың іс-әрекетін жүйелеу үшін барлық жалпы білім беру мектептерінің жұмыс кестесіне аға тәлімгердің қызметі ресми түрде кіргізіліп, қосымша білім беру жүйесінде (Оқушылар сарайлары мен үйлері, Балалармен жұмыс орталықтары) балалар қоғамдық қозғалысының әдіскер-координаторлары кіргізілді. Осы арқылы балалар қоғамдық қозғалысына мемлекеттің көрсетіп отырған қолдауы көрінді.

Жаңа жағдайда, яғни балалар қоғамдық қозғалысының құрылуы мен дамуының алғашқы кезеңінде, оның идеологтарының барлық күштері жұмыс істеп жатқан қайта қабылданған бағдарламаларды қолдау мен танымалдығын арттыруға бағытталды. Осылай «Жұлдыз» бағдарламасы бойынша жұмыс істеп жатқандардың ынтасымен педагогтерге арналған республикалық «Педагогический вестник» газеті, жасы кіші балаларға республикалық «Лидер» газеті, ал жасөспірімдер мен аға тәлімгерлерге, балалар қозғалысының координаторларына «Лидер плюс...» газеті шығарылды.

2002 жылы Ақмола облысының ынталы тобының ұсынысымен «Жұлдыз» балалар қоғамдық ұйымдарының одағы» қоғамдық бірлестігі ресми түрде тіркелді. 2004 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен, Айтімова Б.С. және Қазақстанның барлық аймақтары өкілдерінің қатысуымен өткізілген бұл ұйым көшбасшыларының жиынында «Жұлдыз» балалар қоғамдық ұйымдарының одағы» қоғамдық бірлестігіне ресми республикалық дәреже беру шешімі қабылданды. Осы жылы «ЖасStar» (балалар қоғамдық қозғалысының хабаршысы) республикалық ғылыми-әдістемелік журналы тапсырыспен дайындалып тіркелді. Оның редакция кеңесіне мемлекеттік органдардың, республикалық балалар үкіметтік емес ұйымдарының өкілдері және Ресей Федерациясы балалар қоғамдық қозғалысы зерттеушілері, журналистер кірді. 2009 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалар құқығын қорғау комитетінің қолдауымен «Жұлдыз» БҚҰО ҚБ «Бала және құқық» атты ғылыми-әдістемелік журналын тіркеді.

2011 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысымен «Жас Ұлан» республикалық балалар мен жасөспірімдердің бірыңғай ұйымы» дербес үкіметтік емес, коммерциялық емес ұйым дәрежесіндегі қоғамдық бірлестік құрылды. Ұйымның өз Жарғысы бар, бұл ұйым жұмысының концепциясының жобасы да жасалған. Ұйымды бұған дейін ҚР Білім және ғылым министрлігінде Жастар ісі жөніндегі комитетінің бас маманы болып қызмет атқарған Бөлтірікова Назира басқарады. Ұйымның Қазақстанның барлық өңірлерінде өкілеттіліктері, әр орта жалпы және қосымша білім беру ұйымдарында алғашқы ұйымдары, білім беру жүйесінде жалақы алатын аймақтық көшбасшылар мен аға тәлімгерлер ретіндегі штаттық қызметкерлер құрамы бар. Бұл ұйымның

республикалық аппарат мүшелері мен республикалық жобалары (іс-шаралар) мемлекеттік тапсырыс аясында ҚР Білім және ғылым министрлігінің республикалық бюджетінен қаржыландырылады. Ұйым ресми түрде партиялық емес болып табылады.

«Жұлдыз» БҚҰО ҚБ «Жас Ұлан» РБЖҰ-мен әлеуметтік серіктестіктер ретінде ынтымақтаса қызмет етеді және оның жұмысы мен жетістіктерінің ақпараттық қолдауын қамтамасыз етіп отырады. «Жұлдыз» БҚҰО ҚБ Президенті ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасымен «Жас Ұлан» ұйымының ресми кеңесшісі. 2013 жылы қараша айында осы ұйымның арнайы Дипломымен, «Балалық шақ үшін» номинациясында марапаттық белгісімен марапатталған.

«Жұлдыз» БҚҰО ҚБ В.И. Ленин атындағы Жалпы кеңестік пионерлер қозғалысының 85 жылдығында балалар қоғамдық қозғалысының дамуына қосқан үлесі мен пионерлер қозғалысы тарихы мен идеалдарына адалдығы үшін Л.И.Швецованың қолы қойылған Алғыс хат алды.

Қазіргі уақытта балалар қоғамдық қозғалысын бақылайтын бір де бір ұйым жоқ. ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен БЖҰ іс-әрекетін қолдау бойынша координация функциясын ҚР Білім және ғылым министрлігінің мына құрылымдары жүзеге асырады: Балалар құқығын қорғау комитеті, жалпы орта және мектепке дейінгі білім беру департаменті және ҚР Білім және ғылым министрлігінің қосымша білім берудің республикалық оқыту-әдістемелік орталығы.

Қазақстан Республикасындағы балалар қоғамдық қозғалысының сипаттамасы

Республикада балалар қоғамдық бірлестіктерінің жұмыс жүйесін қалыптастыру мен дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Соңғы жылдарда республиканың балалар қоғамдық ұйымдары жұмысының болашақ бағыттары анықталған және олар өзгеріссіз:

- **патриоттық тәрбие беру** – балалар мен жасөспірімдерде маңызды рухани адамгершілік және әлеуметтік құндылық ретіндегі азаматтылықтың, патриотизмнің дамытуға бағытталған және барлық балалар бірлестіктері жұмысының негізі;

- **көшбасшылармен жұмыс** – әлеуметтік дарындылықты анықтау мен қолдауды, балалардың өзін-өзін басқаруын әртүрлі формаларын дамытуды, әлеуметтік жобалық іс-әрекеттерді ынталандыруды қамтамасыз етеді. Көшбасшылармен жұмыс ерте жастан бастап жас басшыларды анықтауға, олардың потенциалын дамытуға жағымды жағдай жасауға мүмкіндік беретін балалар қоғамдық бірлестіктеріне тән бағыт;

- **балалар мен жасөспірімдердің журналистикасы** – көптеген баспасөз-орталықтарымен, мектеп газеттерінің редакцияларымен, жас журналистердің клубтарымен танылады. Электронды коммуникациялардың дамуымен балалар телестудиялары, мектептің интернет ресурстары пайда болды. Жақын жылдары дәл осы балалар БАҚ түрлері танымал болады. Жас журналистердің балалар бірлестіктерінің міндеттері жаңа ақпараттық технологияларды табысты меңгере отырып туған тілге жауапты қарым-қатынасты тәрбиелеу, сленг пен нормаға сай емес лексикадан таза жазба және сөйлеу мәдениетін насихаттау болып табылады;

- **балалар экологиялық қозғалысы** - көптеген экологиялық клубтар, жасақтар. Жер шарымыздың экологиялық жағдайының тұрақты түрде нашарлауын, мемлекет пен қоғам тарапынан қоршаған ортаны қорғау мәселесіне аса назар аударуды есепке ала отырып бұл бағыттың өзектілігі әлі де өсетін болады. Сонымен қатар, тұрғындарға экологиялық жақтан білім беру әрекеті, тікелей табиғатты қорғау жұмыстары (акциялар, сенбіліктер) жасөспірімдердің әлеуметтік ойлап шығарушылық ынталарын дамытуға қажеттілік артады;

- **салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыру** – кәсіби емес спорт, спорттық-қолданбалы балалар бірлестіктерін (ЖЖИ, құтқарушылар, жас өрт сөндірушілер және т.б. жасақтары) дамыту арқылы жүзеге асады. Жастар денсаулығының нашарлауы, балалар травматизмі, қазіргі жастардың аз қозғалыссыз өмір сүру салтына байланысты әртүрлі физикалық және материалдық деңгейдегі балаларға қолжетімді спорт түрлерін, тартымды командалық-ойындық спорттық сайыстарды енгізуді белсендендіруді қажет етеді;

- **әлеуметтік-шығармашылық, бос уақытты қамту бағыты** - өзін таныту кеңістігін, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруды

қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, жан-жақтылықты, тұлғаның жеке ерекшеліктерін ескере отырып креативті ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Әлеуметтік шығармашылық бірлестіктер мектеп КТК-сы мен одан шыққан синтез-жанрлар, хип-хоп мәдениет, көше билерінің және т.б. ресми емес қозғалыстары ретінде танылады. Жастар субмәдениеттерінің әлеуметтенуі, жасөспірімдердің оң, қоғамға лайықты өзін-өзі таныту түрлерін қолдау өсіп келе жатқан ұрпақты есірткі мен қылмыстан қорғауға мүмкіндік береді;

- **еріктілер қозғалысы** - гуманизм мен әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеуге бағытталған. Еріктілік аймақтық қайырымдылық қозғалыс ретінде танылады. Бұл бағыттың ерекшелігі – айқын көрінетін әлеуметтік бағыттылық, өз күшімен қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған.


2013 жылдың қыркүйегінде балалар қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдарының жұмысы туралы облыстық білім беру басқармалары жүргізген мониторинг негізінде Республикалық қосымша білім беру оқыту-әдістемелік орталығы қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар жұмыстарының бағыты бойынша білім беру ұйымдарында балаларды дамыту және тәрбие беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша аналитикалық жұмыс жүргізді. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының балалар қоғамдық қозғалысы жөнінде мәліметтер қорын қалыптастыру.

Жұмыс сараптамасы тәуелсіздігіміздің барлық жылдарында әр азаматтың мемлекетке қатыстылығын насихаттайтын, азаматтық жауапкершілік пен балалардың бойында патриотизм сезімдерін қалыптастыру бойынша балалар қоғамдық бірлестіктерінің жұмысын қанағаттанарлық деп бағалады.

Балалар қоғамдық ұйымдарының жұмысын талдау бойынша анықталғаны, балаларды қамту бойынша қоғамдық ұйымдардың жұмысы қажетті деңгейде емес. Себебі, олар мемлекеттік органдармен, мектеппен, мектептен тыс және басқа да білім беру ұйымдарымен біріге отырып тәрбие беру жұмысының ортасында болу мүмкіндігін қажетті деңгейде пайдаланбай отыр.

2013 жылдың 1 қазанына республикадағы 1-11 сынып аралығындағы балалар контингенті 2493479 құрады. Республиканың балалар қоғамдық бірлестігі мүшелерімен білім беру ұйымдарының 695124 жуық оқушылары қамтылған. Бұл барлық бала санының 28 % құрайды.

2013-2014 оқу жылына балалар қоғамдық ұйымдарындағы балалар контингенті туралы ақпарат




Балалар ең көп қамтылған аймақтар: Алматы қаласында, (19,4%), Қарағанды облысында (12,8%), Ақтөбе облысында (9,5%).

Балалар ең аз қамтылған аймақтар: Маңғыстау облысында (3 балалар ұйымдарында 1086 бала), Атырау облысында (1037 бала), Қостанай облысында (2 балалар ұйымында 331 бала).

2013 жылдың 1 қазанына өңірлердегі барлық қоғамдық ұйымдарында балалар санының төмендеуі байқалды. Әділет министрлігінің ресми мәліметтері бойынша республикада тіркелген 584 жастар және балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының 72-сі ұйымдар мен бірлестіктер. Облыстық Білім беру басқармалары мен Астана, Алматы қалаларының Білім беру басқармаларының ресми мәліметтеріне сай республиканың барлық облыстарында өзінің қатарында 669755 балалар санын қамтитын 34 балалар қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктері жұмыс істейді.

Балалар қоғамдық ұйымдарының салыстырмалы мәліметтері



Әділет министрлігінің ақпараты бойынша келесі өңірлерде тіркелген балалар мен жасөспірімдер қоғамдық ұйымдарының саны ең көп: Қостанай облысында (20), Ақтөбе облысында (17), ШҚО (6), Алматы мен БҚО (5-еуден), Қарағанды облысында (4), Ақмола мен Алматы облыстарында (3-еуден), Астана, ОҚО, Атырау, Жамбыл облыстарында (2-еуден), Павлодар облысында (1).

Облыстар, Алматы мен Астана қалаларының Білім беру басқармаларының берген ақпараты бойынша балалар мен жасөспірімдердің ең көп орналасқан өңірлері төмендегідей: Алматы облысы (7), БҚО (4), Астана қаласы, Ақмола, Маңғыстау облыстарында (3-еуден), Атырау, Қостанай, СҚО облыстарында (2-еуден), Алматы қаласы, Қызылорда, Жамбыл, Қарағанды, Ақтөбе, БҚО, Павлодар облыстарында балалар ұйымдары (1-еуден). ОҚО Білім басқармасы мұндай ақпарат жоқ дей отырып, балалар ұйымдары бойынша ресми мәлімет бере алмады.

Республиканың балалар қоғамдық қозғалысында балалар бірлестіктері арасында және оның әлеуметтік әріптестерімен: мектеп, отбасы, қоғамдық ұйымдар, білім беру ұйымдары, балаларға қосымша білім беру ұйымдары, мәдениет пен спорт ұйымдары, бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынасты күшейту тенденциясы байқалуда. Акциялар, жобалар, бағдарламалар, форумдарда бірге қатысу әр жеке бірлестіктің дамуы үшін бір ақпарат кеңістігінде өзара қарым-қатынас жасау қажеттігін көрсетеді.

Сонымен қатар, балалар қоғамдық қозғалысын дамыту жұмысында келесі мәселелер бар:

- облыстарда үйлестіру үрдісіне ғана емес, әртүрлі типтегі, бағыттағы, ұйымдастырушылық-құқықтық формалардағы балалар қоғамдық бірлестіктерінің жұмысын адрестік-ақпараттық және ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдау мен ресурстық қамтамасыз етуге кері әсер ететін өңірдегі балалар қоғамдық бірлестіктері туралы бір ақпараттық қор жасалмаған;

- әртүрлі балалар қоғамдық бірлестіктерінің республикадағы ақпараттық, құқықтық, әдістемелік және т.б. басқа ресурстарға тең қол жетімділігі толық қамтамасыз етілмеген;

- балалар қоғамдық қозғалысының мүддесін көздей отырып, ұйымның жұмыс жоспарына балалар қоғамдық бірлестіктерінің іс-шараларын қосуды, іс-шараларды, акцияларды бірге өткізу, жобалар мен бағдарламаларды бірге жүзеге асыруды қарастыратын мемлекеттік, өңірлік, қоғамдық, жеке ұйымдардың ведомствоаралық өзара байланыса әрекет ету жүйесі қажетті деңгейде дамымаған;

- республикада жақын болашақта балалар ұйымдарының жұмысын нәтижелі дамыту мен белсендендіруді қамтамасыз ету үшін балалар қоғамдық бірлестіктері көшбасшыларын оқыту жүйесі жасалмаған;

- балалар қоғамдық бірлестіктері жұмысына әлеуметтік тәуекел тобына жататын балалар, денсаулығының мүмкіндігі шектелген балалар көп тартылмайды;

- білім беру ұйымдарында балалар қоғамдық бірлестіктерінің жұмысын педагогикалық жақтан қамсыздандыруды жүзеге асыратын кәсіби мамандармен


(аға тәлімгерлер, педагог-ұйымдастырушылар және т.б.) қамтамасыз ету мәселесі бар;

- балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметі толықтай материалдық-техникалық ресурстармен қамтылмаған.

Жоғарыда айтылған мәселелер бірлесуге балалардың азаматтық құқықтарын жүзеге асыру үшін жағдай жасайтын және балалардың мүдделерін ойлайтын шешімдерді қабылдауда оларды қатыстыруды көздейтін, сонымен қатар республикадағы балалар қоғамдық қозғалысын қолдауда мүдделі құрылымдардың консолидті және бағытты жұмысы арқылы ғана шешілуі мүмкін.

Облыстар, Астана, Алматы қалаларының Білім беру басқармалары берген мәліметтер бойынша іс-әрекет бағыттары бойынша Республиканың балалар қоғамдық бірлестіктері және балалардың қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктерінің әртүрлі жұмыс бағыттарының бағдарламалары туралы ақпараттар берілген (1 қосымша).

Балалар қоғамдық ұйымдарында сандық көрсеткіштің салыстырмалы мәліметтері



Келтірілген салыстырмалы мәліметтерден (2013 жылдың 1 қазаны бойынша) көретініміз, жалпы санның 81% көбін құрайтын «Жас Ұлан» ББЖҚ» РҚБ балалар мен жасөспірімдерді қамту бойынша ең көп пайызды құрайды.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының даму тұжырымдамасы

Бұл Тұжырымдама 2012-2020 жылдарға «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының даму кезеңдерін анықтау, іс-әрекет аясын жоспарлы түрде кеңейту, ұйымдастырылуы мен басқарылуын нәтижелі жүргізу үшін және жетекшілердің, білім беру педагогтерінің, кәсіби біліктілікті жоғарылату институттарының әдіскерлерінің, мектеп тәлімгерлерінің, қосымша білім беру

мен балалар қоғамдық құрылымдары жетекшілерінің жұмысын үйлестіру үшін құрылды.

Кіріспе. Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2050» Жаңа стратегиялық бағытын жүзеге асыруда бізге – жас ұрпаққа айрықша жауапкершілік жүктеді. Бұл стратегияда «... Сендер - болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегісіңдер. Біздің бүгінгі атқарып жатқан қыруар шаруаларымыз тек сендер үшін жасалуда. Сендер тәуелсіз Қазақ елінің перзенттерісіңдер. Тәуелсіз елде туып, тәуелсіз елде тәрбие алдыңдар. Сендердің азат ойларың мен кемел білімдерің - елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын құдіретті күш» деді. Сондықтан «Бала - қазына, тағы үлкен қазынасы - оның тәрбиесі» демекші, аға буынға өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудің маңыздылығын, қиындықтарын, қуанышын және ниеті мен мақсатын жеткізу міндет. Жас ұрпақтың тәрбиесі халықтың ең қымбат байлығы болғандықтан, баланы тәрбиелеу қоғамның міндеті болуы қажет. Жалпы адам ғұмырындағы, ең бір жауапты кезең, ол мектеп қабырғасында өтетін тәрбие мен тәлімнің дұрыс ұйымдастырылуы болып табылады. Ұйымдастыру деген сөз, ХХ-ғасырдың аса ұлы ұғымы ретінде танылса, ХХІ ғасырдың қолданбалы құралына айналмақ. Бұл айтылған тезисті терең түсініп, дұрыс жолға қоймайынша, тіпті адамзат қауымының үндесе жетілген өркенін көз алдыға елестету қиын. Өйткені, әрбір жеке адамдардың іс-әрекеттерінен бастап, мемлекеттің басқару жүйелеріне дейін, тіпті келешекте дүниенің тұтқасы болмақ ғылым мен білімнің жемістілігіне, тек дұрыс ұйымдастыру шеберлігін жете игергенде ғана қолымыз жетпек. Ендеше ертеңгі болашағымыз жас ұрпақтың мектеп қабырғасындағы сан-сала тәрбиелерін дұрыс ұйымдастырудың орны, тіпті алабөтен ерекшелігімен даралануы керек. Олай болса, осы күнге дейін мән бермей келген адам баласының ұрық тазалығы мен ана құрсағындағы тәрбиеден бастап, оның кәмелетке жеткенге дейін өтетін сан алуан тіршілік сабақтары, барынша дұрыс ұйымдастырылуы қажет екенін ескеріп, жаңа бағыттағы ұйымдастыруды іске асыруымыз керек. Әйтпесе, қазіргі өміріміздің өзі көрсетіп отырғандай, ұрпақтарымыздың тәрбиесі мен тәлімі жанбай жатып сөнуі де, ақпай жатып іркілуі де, тереңдеген тексіздікке ауысып кетуі де ғажап емес. Сондықтан, тәрбие-тәлімдерін дұрыс ұйымдастыру үшін – ең әуелі биологиялық тіршілік иесі ретінде адамның бүкіл табиғаты мен жан-дүниесін түсініп алған жөн. Әсіресе адам бойындағы қабілет пен қасиеттер қандай заңдылықтарға бағынады екен? Қайтіп тұрақталып, қалайша өркен жайып жетілмекші? Бұл концепция «ұйымдастыруды» жаңа ғасыр педагогикасы мен оның методологиясының негізгі тіні етуді көздейді. Мектеп қабырғасындағы жеткіншектер мен жасөспірімдердің ой-санасын, жан-дүниесін ұлттық- халықтық құндылықтар негізінде тәрбиелеу үшін «жасұландық» құрылым – таптырмас құрал. Бұл Концепцияда ҚР Білім және ғылым Министрлігінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру ұйымдарына ұсынылған «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының» шарттары біршама сақталды. Бұл – білім беру саласындағы қарама-қайшылықтардың туындамауын көздеп, бір ізділік пен бір жүйелілікті сақтауды мақсат тұтады.

Біздің халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Халқымыздың әдет-ғұрпын, дәстүрін, тарихын білу, оны қастерлеу – әрқайсысымыздың борышымыз. Аталар сөзі – ақылдың көзі демекші, ұлттық құндылықтарымызды жас буынның бойына сіңіру аға буынға жүктелмек. Сондықтан, дәстүр мен жаңашылдықты жалпы тәрбие үрдісімен байланыстырып, бала дүниеге келген күннен бастап, бірізділікпен тәрбие жүйесін қалыптастыруымыз керек. Қазақта дене, еңбек, ақыл-ой, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, құқықтық, сұлулық тәрбиелері жүргізілген. Аталған тәрбие түрлерін жүзеге асырудың мақсаты жан-жақты жетілген азамат тәрбиелеу болды. Дене тәрбиесінің мақсаты бала денесін дамыту, денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру және күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға, салауатты өмір салтына тәрбиелеу болды. Қазақ баланы қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру, олардың тәртіп және мінез-құлық тәжірибесін қалыптастыру, Отанға, халқына, еңбек және қоғамдық іс-әрекетке жауапкершілік сезімін тәрбиелеу арқылы адамгершілікке тәрбиелей білді. Сондай-ақ, адам зиялылығының негізі – ақыл-ой тәрбиесі деп есептелінді. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы ойлау іс-әрекетінің шарты болатын білім қорымен қаруландыру, негізі ойлау операцияларын меңгерту, зиялылық біліктері мен дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешілді.

Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері

Тұжырымдаманың мақсаты – 2013-2020 жылдарға арналған Республикалық «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымын ұйымдастыру және басқару құрылымының тиімділігінің артуы мен кең ауқымда дамуы үшін жоспарлы түрде даму кезеңдерін белгілеу болып табылады.

Тұжырымдаманың міндеттері:

- «Жас Ұлан» ұйымының 2020 жылға дейінгі мақсатын, міндеттерін және құрылымын айқындау;
- «Жас Ұлан» ұйымының көздеген мақсатына түпкілікті жетуі үшін оған қажетті ғылыми-әдістемелік негіздемелерін айқындау;
- «Жас Ұлан» ұйымының белгіленген кезеңге дейінгі негізгі жұмыс істеу бағыттары мен мазмұнын айқындау;
- «Жас Ұланның» негізгі даму көрсеткіштері мен бағалау және сараптау әдістерін айқындау;
- Тұжырымдаманы жүзеге асырудан күтілетін нәтижелерді айқындау.

Ұйымның даму кезеңдері

1) Ұйымның бастапқы арқауын құру – жетекшілер мен үйлестірушілер, тәлімгерлер лигасы (2013-2015 жж.) «Жас Ұлан» ұйымы қызметінің алғашқы кезеңінде жетекшілер мен үйлестірушілерді, тәлімгерлерді даярлау қажет. Бұл кезеңде ұйым қызметін насихаттау мақсатында курстар, семинарлар, конференциялар, сондай-ақ, мемлекет және қоғам, мәдениет және өнер қайраткерлерімен кездесу ұйымдастыру, сол арқылы пікірлесу мен тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру – мақсат.

2) Мектептерде «Жас Ұлан» ұйымы мен клубтарды құруды дамыту (2014-2015жж.). Ұйымның қызмет етуі жергілікті жерлердегі жетекшілер мен

үйлестірушілердің, тәлімгерлердің, ұланбасы мен жасұландықтардың белсенділігіне негізделеді. Олар өз аймақтарында алқалар мен клубтар құрады.

3) Ұйым қызметін насихаттау, оның өзіндік брендин қалыптастыру шараларын атқару (2014-2017жж.). Ұйымның өзіндік стилі мен брендин жасау. Әлеуметтік бағыттағы жарнамаларға байқау жариялау. Телеарналарда балалар мен жасөспірімдерге арналған бағдарламалар циклін енгізу. Ән мен жыр, спорт саласы бойынша жарыстар өткізу. «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері мен көшбасшысын, сонымен қатар, мүшелерінің телеарналардан, концерттер мен акция сахналарынан сөйлеуіне, жастарға үндеу тастауына мүмкіндік туғызу. «Жас Ұландық» топтардың экскурсияларын, саяхаттарын ұйымдастыру. Жасұландықтардан бүгінгі күннің үлгілі азаматтарын таныту.

4) «Жас Ұланға» қатысты заңнамалық, нормативті-құқықтық құжат жобасының (қаржыландырылуы, насихатталуы, құрылымы мен басқару пәрмені) қабылдануын назарда ұстау. (2014-2018жж.)

«Жас Ұланның» ғылыми-әдістемелік негіздері

«Жас Ұлан» ұйымының алдына қойған мақсаттары мен міндеттерінің жүзеге асу барысында ұйым төмендегі әдістемелік көзқарастарды негізге алады:

- *антропологиялық көзқарас* – тәрбиеленушілерді бірегей және тұтас жеке тұлға ретінде қарап, адам туралы білім кешенінде кең көлемді есеп жүргізуге бағыттайды;

- *тұлғаға бағытталған көзқарасы* – «жас ұландықтардың» яғни, әрбір мектеп оқушысының жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ету, үлкендер мен балалар арасындағы өзара тығыз байланысты нығайту, тәрбиеленушінің өзара байланыстағы түсініктер, идеялар және іс-әрекет тәсілдерін қамтамасыз ету мен өзін-өзі тану, дербестігін құру және өзін-өзі табысты көрсету үдерістер жүйесін қолдау, оның қайталанбас жеке тұлғалық дамыту арқылы педагогикалық қызметтегі әдіснамалық байланыс;

- *тәрбиедегі әрекетшіл көзқарас* – жеке тұлғаның бірлігі оның әрекетшілдігінде екендігі туралы көріністен туындайды. Бұл бірліктің көп үлгілі формадағы қызметі жеке тұлғаның құрылымына тікелей және жанама түрде өзгеріс жасаудан байқалады; жеке тұлға өз кезегінде бір мезгілде тікелей және жанама түрде дербес даму сұранысын өтейтін барабар қызметтің түрлері мен формаларын жүзеге асырады;

- *кешенді көзқарас* – тәрбиеге кешенді көзқарастың мәні бірлікті, әртүрлі кешендердің тұтастығын қамтамасыз етуді құрайды, соңғы нәтижеге себепші болатын жеке тұлғаның жан-жақты даму үндестігі дәрежесіне ие болады;

- *аксиологиялық көзқарас* – санадан «беретін» және адамның әлемге, адамдарға, өзіне қатысты әмбебап жалпы адамзаттық құндылықты қамтиды; табиғатпен, әлеуметпен, мәдениетпен барлық өтіп жатқан қарым-қатынасындағы жеке тұлғалық мәндерді тәрбиелеуде білім алушы өз білімінің, өмірінің мәніне ие болуына бағытталған;

- *амбивалентті көзқараста* алғашқыда екі жақтың бір-біріне қайшылықтарын жоятын, оларды есепке алу негізінде педагогикалық құбылыстар мен үдерістерді қарастыру көзделеді;

- *жүйелі көзқарас* - «жас ұланның» көпдеңгейлі, көпсалалы балалардың алғашқы құрылымдық ашық жүйесі екендігін, оның әрбір мүшесінің құқығы мен міндеттемелері барлығын, оны құрайтын бөліктерді жинақтауға болмайтын негіздеп және иерархиялық құрылым ретінде қарастыруды көздейді және жүйе жасаушы факторларды анықтауды, сыртқы байланысты талдауды мөлшерлейді;

- *синергетикалық көзқарас* - тәрбиені тура себеп-салдарлық тәуелділікке негіздемей, тек, біркелкі емес түрде өтетін үдеріс ретінде қарастырады; маңызды дәрежеде өзін-өзі ұйымдастыратын, көптеген ішкі және сыртқы ықпалдарға себепші болатын: заңдылық пен кездейсоқ, болжамдық пен стихиялық, реттелген және ұйқы-тұйқы үдеріс;

- *орта көзқарасы* - тәрбиешілерді жеке тұлғаны дамыту үдерісін жағдайға және ортаның сипаттамасына тәуелді қарастыруға бағыттайды;

- *педагогикалық қолдаудың әдістемесі* - әрбір тәрбиеленушінің жеке тұлға ретінде дамуына ұйымның көмегі, өмірдің мәні мен дүние құрылымын, өзін-өзі жетілдіру мен әлеуметтік нақтылықты тануына үйретеді. Ғылыми-әдістемелік жұмыс ҚР Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының, Жоғары оқу орындары мен колледждердің және өзге де жалпы гуманитарлық-педагогикалық бағыттағы құрылымдардың қатысуымен жүзеге асырылады.

«Жас Ұлан» қызметінің негізгі бағыттары мен мазмұны

Санасына ұлттық құндылықтар сіңген, білімді де тәрбиелі ұрпақ қалыптастыру үшін жан-жақты барлық саланы қамтитын бағыттар ұйымдастыру керек:

1. **«Зерде»** бағыты бойынша – «жасұландықтардың» интеллектуалдық мәдениетін, ойлау қабілетінің белсенділігін, ақыл-ой деңгейін және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға және дамытуға, туындаған мәселелерді шешу, жоспар құру және өзіндік өмірлік іс-әрекеттеріңді басқаруға, бүгінгі жаңа ғылыми дүниетанымды иегеруіне, балалардың интеллектуалдық ойындарға, дебаттарға, олимпиадаларға, конференцияларға, жобаларға және зерттеу жұмыстарына қатысуына әсер ететін бағыт.

2. **«Руханият»** бағыты бойынша – «жасұландықтардың» өзіндік және басқа халықтардың адамгершілік, этикалық, бейнелеу-эстетикалық негіздерін дамытуға және қалыптастыруға, өз түсініктеріңді басқа адамдар мен әлеуметтік топтардың қызығушылықтарымен біріктіруге, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруға, қоғамның қазіргі құрылымын түсінуге және осы қоғамда әлеуметтік-адамгершілік құндылықтар және әлеуметтік бағыттар негізінде қызмет етуге мүмкіндік беретін бағыт.

3. **«Атамекен»** бағыты бойынша – «жасұландықтардың» санасында қазақстандық танымның және мәдени түсініктің қалыптасуына, азаматтық парыздың орындалуына, толеранттылық пен патриоттық, отанға қызмет етудің маңыздылығы, өз халқың үшін мақтаныш сезімі, мемлекеттік рәміздерді, мемлекеттің және туған өлкеңнің идеологиялық негіздерін білуге жағдай жасайтын бағыт.

4. «Салауат» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спорттық, туристік, экспедициялық және өлкетанушылық бағдарламаларды ұйымдастыру арқылы дене шынықтыруды дамытуға әсер ететін бағыт.

5. «Еңбек» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» бойында еңбектің ең бірінші өмірлік қажеттілік, өмірлік табыстарға жетудің басты тәсілі мен жоғары құндылық екендігін түсіндіретін, олардың мамандандырылған бейініне әсер ететін, «бизнес-инкубаторлар» мен балалар кәсіпорындарын құру арқылы кәсіптік білім беретін, кәсіпкерлік, экономикалық және құқықтық біліктіліктерін қалыптастыратын бағыт.

6. «Жеті жарғы» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» тұлғалық, әлеуметтік, құқықтық біліктіліктерін, азаматтық белсенділіктерін және саяси сауаттылығын, өз міндеттерін орындау және өз құқығын қорғай білу қабілеттерін қалыптастыратын, тәрбиеленушілердің құқықтық санасын, олардың балалар мен жастар ортасында құқық бұзушыларға қарсы тұруға дайындығын дамытатын бағыт.

7. «Экоәлем» бағыты бойынша – «жасұландықтардың» материалдық құндылықтарды сақтауға байланысты қоршаған ортаға дұрыс қатынас орнату және табиғат қорларын тиімді пайдалануға бағытталған экологиялық мәдениетті қалыптастыратын бағыт.

(Аталған 7 бағыт бойынша «жас ұландық» құрылымның деңгейлік көрсеткіштеріне сәйкес мектепшілік клубтар құру көзделеді).

Осы бағыттар мен мұнда айқындалған түсініктерді қолдану арқылы әрбір баланың бойындағы өнері мен көшбасшылық қасиеттерін ашуға жәрдемдесуіміз керек. Егер олар өздері қалыптастыра білген болашақпен өмір сүретіндерін түсінсе, сонда ғана біз Елбасы айтқан «Алтын ғасырдың» қалыптасуына өз үлесімізді қоса аламыз.

«Жас Ұланның» мақсаты, міндеттері және құрылымы

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының моделі – балалардың қазіргі замандық қоғамда өз орнын табуына, отаншылдық және азаматтық жауапкершілікті сезінуіне, еркін шығармашылық қабілеттерін дамытуына мүмкіндік береді.

«Жас Ұланның» негізгі мақсаты – оқушылардың бойында отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімін жетілдіруді, мәдени қарым-қатынастарды терең сезінуді, адамгершілік қағидалары мен азаматтық жауапкершілікті түйсінуді, шығармашылық қабілеттерін дамыту мен өресінің биік болуын көздейді.

Міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;

- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;

- танымдық жұмыстарды ынталандыру;

- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;

- жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту

«Жас Ұлан» ұйымы құрылымының деңгейлік сипаттамасы:

«Жас Ұлан ұйымының ең жоғарғы басқару органы – 2 жылда кемінде бір рет өткізілетін Республикалық Құрылтай болып табылады. Басқару органында Республикалық деңгейде жетекшілер атынан Кеңес төрағасы (ересек адам) және жасұландықтардан 16 Ұланбасы (республикалық деңгейде бір ұланбасы тағайындалмайды, 16 өңірден келген 16 ұланбасы бірдей құқыққа ие) басшылық етеді. Атқарушы орган – 16 өңірлік Ұланбасы мен жетекшілер құрайтын Республикалық Кеңес. Аймақ бойынша жасұландықтарды Аймақтық (облыстар, Астана және Алматы қ.қ.) кеңес пен аймақтың Ұланбасы басқарады. Оларға сол аймақтың «Жас Ұлан» ұйымы жетекшісі (ересек адам) жетекшілік етеді. Олар: а) 1-4 сынып оқушыларын қамтитын алғашқы ұйымдық құрылым; ә) 5-8 сынып оқушыларын қамтитын ортабуындық ұйымдық құрылым; б) 9-11 (12) сынып оқушыларын қамтитын жоғарғы ұйымдық құрылым.

«Ұланбасы» - «Жас Ұлан» көшбасшысы, оқушылардың өзін-өзі басқару органының жетекшісі болып есептеледі, мектеп оқушыларының қоғамдық қызметін басқарады, оқушылар мен мектеп әкімшілігінің өзара қатынастарын жүзеге асырады, мектеп қызметін жақсарту мақсатында өзінің және оқушылардың атынан ұсыныстар енгізеді, оқушылар мен ұстаздар арасында туындаған мәселелерді шешуге атсалысады, түрлі әлеуметтік жобалар мен шараларды ұйымдастырады.

«Жас Ұланның» даму механизмі (жүзеге асырылу шарттары)

Тұжырымдаманы жүзеге асырудың негізгі ресурстары:

Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету - «Жас Ұлан» ұйымы өз қызметін ҚР Ата Заңына, ҚР «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы бала құқығы туралы», «Қоғамдық ұйымдар туралы», «ҚР Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңдары мен құқықтық нормативтік актілеріне сүйене отырып, сондай-ақ халықаралық-құқықтық құжаттар (мысалы «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы), сонымен қатар ұйымның ішкі актілері («Жас Ұлан» Республикалық балалар мен жасөспірімдердің біртұтас ұйымының Ережесі), ұйымның және осы Тұжырымдаманың жарғысы негізінде атқарады. Қазақстан Республикасында «Балалардың әлеуметтік бастамалары мен балалардың қоғамдық қозғалысын Мемлекеттік қолдау» туралы Заңның және балалардың қоғамдық қозғалыстарының дамуын қолдайтын (мұның ішінде «Жас Ұлан» идеясына балалар қозғалысын дамытудағы бірыңғай ұлттық үйлестіруші ретінде басымдық беретін) Ұлттық кешенді бағдарлама қабылдануы және жасалуын ұсынамыз.

Ақпараттық қамтамасыз ету – «жас ұландықтардың» ақпараттық қолдаушысы балаларға арналған мерзімдік басылымдар, арнайы

мамандандырылған телеарналар, заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, мектеп және жоғары оқу орындары ішілік БАҚ-тар болуы керек. Сонымен қатар, мектеп оқушыларына арналған әлеуметтік желілерді құру қарастырылуда (www.zhasulan.kz сайты және «Сәлем» журналы).

Ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету - «жас ұландық» қозғалыстың дамуын қамтамасыз ететін әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық ғылыми зерттеулер жүргізу. Сол үшін ғылыми-әдістемелік кешендерді жасау, бағдарламалар, тәрбиелік және ақпараттық технологияларды енгізу, тәлімгерлердің кәсіби шеберлігін көтеру және қайта даярлау жұмыстары жүзеге асырылады.

Ұйымдастырушылық-басқарушылықты қамтамасыз ету - білім беру ұйымдарындағы «жас ұландық» құрылымның тәрбие жұмыстарын қолайлы жоспарлау негізінде тиімді тәрбие жұмысын ұйымдастыруға және олардың жұмыстарын үйлестіріп отыратын жетекшілерді сайлау; ұйымның негізгі және қосымша қызмет мазмұнын интеграциялау, толассыз зерттеу, тиімді жұмыстарды қорыту және кең тарату, жылдық қорытындылар бойынша атқарылған шараларға мониторинг жасау.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету - балалар және жасөспірімдердің қоғамдық ұйымдары білім беру ұйымдарының, мәдениет, спорт салалары бойынша құрылған клубтар базасында, демеушілер қолдауымен әрекет ете алады және сол базаның материалдық-техникалық мүмкіндіктерін барынша пайдалануын көздейді.

Психологиялық-педагогикалық қолдау - психикалық-педагогикалық түзетуді дамытуды қажетсінетін әртүрлі категорияларға қатысты балалармен, жастармен жүргізілетін жұмыстарды арттыруды (дарынды, тәуекелшіл топтардың өкілдері, шектелген мүмкіндіктегі балалар мен жастар) қамтиды.

Кадрлық қамтамасыз ету - «Жас Ұлан» ұйымын кадрлық қамтамасыз ету үшін:

- «Балалардың мәдени демалысын Ұйымдастырушылар» бағыты бойынша бастапқы кәсіби дайындықтан өткен және кәсіби білімін жетілдірген тәлімгерлер мектебі жүйесін құру;

- Ұйым жұмысына қатысуға еріктілерді, жоғары курс білімгерлері мен студенттерді тарту көзделеді;

- «Жас Ұлан» жетекшілерінің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін көтеру мақсатында слеттер, семинарлар және тренингтер өткізіп отыру;

- Педагогикалық жасақтар белсенділерінің қызметінің тиімділігі мен қарқынын арттыру;

«Жас Ұланның» негізгі даму көрсеткіштері мен бағалау және сараптау әдістері

«Жас Ұланның» даму көрсеткішінің басым бағыттары:

- Жастар ұйымын бір жүйеге негіздеу арқылы қоғамның өркендеуіне пайда келтіретін бағыттағы қызметке баулудың көрсеткіші;

- Белгілі бір аймақтағы белгілі бір мақсатта әрекет ететін балалардың қоғамдық ұйымдарының жалпы саны;

- Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бағытында балалардың қоғамдық ұйымдары арқылы жүзеге асырылған жобалар саны;
- Балалардың қоғамдық ұйымдарының бастамасы нәтижесінде жүзеге асырылған дәстүрлі мәдени шаралар, акциялар, өзіндік жобалар саны;
- Балалар ұйымдарының ересек үйлестірушілері, арнайы мамандандырылған дайындықтан өткен жетекшілер есебі;
- «Жас Ұлан» құрамында жүрген балалар мен милиция тіркеуінде тұрған балалар санының ара-қатынасы; Осы және өзге де көрсеткіштер арқылы жасалған нормативтік шаралар сарапшылар көмегімен анықталады;

Күтілетін нәтижелер

«Жас Ұлан» Республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымының іске асқан жұмысынан күтілетін болжамды нәтижелер: - Әрбір «жас ұландықтан» Отан мүддесі үшін қызмет ететін маңызды қасиеттерді меңгерген, Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борыш пен міндеттерін орындауға тәрбиеленген, халықтар достығын құрметтейтін, имандылық, адамгершілік, ізгілік, ұлттық мінез-құлық пен әдет-ғұрып негізінде білім алған тұлғаның өсіп шығуы; - табиғатты қорғап аялай білетін, есірткі, психотроптық, улы заттарды қолданудың алдын алатын, зиянды заттар мен есірткілерге қарсы ақпараттық кеңес жұмыстарын жүргізе білетін, жасөспірімдердің мінез-құлқының дұрыс бұрысын, жағымсыз қылықтар мен қауіпті іс-әрекетке бармауын басымдыққа алатын салауатты ұрпақтың қалыптасуы; - Қазақстандық келісім мен бейбітшілікті, толеранттылық пен достықты сақтайтын, отаншылдық пен азаматтық борышты терең сезінетін жас ұрпақтың жетілуі; - Өз ана тілін жетік білетін, сондай-ақ өзге тілдерді де меңгерген, сол арқылы халықаралық қатынастардың дамуына, мәдениет пен өнердің гүлденуіне үлес қосатын жастардың шығуы; - Адамзаттың және өз ұлтының ұлы құндылықтарын қастерлей білетін, сапалы білім мен салауатты өмір салтын ұстанған жастар культінің берндке айналуы; - Өз Отанының тарихы мен мәдениетін зерделей алатын, ұлттық және отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді қадірлейтін жастардың көбеюі; - Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тиімді жүзеге асатын тәрбиенің қазақстандық үлгісінің құрылуы; - Оқушылардың мектеп қабырғасынан бастап кемел білімге, кенен кәсіпке жақын болуы, сол арқылы отанымыз – Қазақстанның дамуына, ондағы азаматтық қоғамның тұғырының мығым болуына үлес қосатын шын мәніндегі отаншыл азаматтардың қалыптасуы.

«Жас Ұлан» облыстық балалар мен жасөспірімдер ұйымы» және «Қазақстан скауттық қозғалысы ұйымы» қоғамдық бірлестіктерінің жұмыс тәжірибесінен

«Облыстық балалар мен жасөспірімдер ұйымы» (ОБЖҰ ҚБ) өз жұмысын Павлодар облысы аумағында 2001 жылдан бастап жүзеге асырып келеді. 2006 жылдың 26 маусымынан бастап қоғамдық бірлестік заңды тұлға дәрежесін алды. Бұл – «Игереміз ұшқыр ғасыр желісін, жігер-күшпен өркендетіп ел ісін» ұраны

астында жұмыс істейтін және өмір сүретін балалар мен үлкендердің ынтасы бойынша құрылған қоғамдық ерікті, өзін-өзі басқаратын, коммерциялық емес құрылым. Қоғамдық бірлестік «Менің туған Ертіс өңірім», «Атамекен», «Жұлдыз», «Жас Ұлан» бағдарламалары бойынша жұмыс істейді, өзінің заңдары, ережелері, ұраны мен атрибутикасы бар. Жоғарғы органы екі жылда бір жиналатын Құрылтай. 2014 жылы Павлодар облысы балалар мен жасөспірімдердің ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктерінің VII Құрылтайы өтетін болады. Құрылтай аясында ОБЖҰ екі жылға арналған дамуының стратегиялық жолдарын анықтау бойынша жұмыс жүргізіледі, облыстың балалар қозғалысын дамыту бағдарламасы жасалып, жалпы дауыс беру арқылы қабылданады. Қоғамдық бірлестіктің бар жұмысы шағын-жобалардан тұратын «Павлодар-Ертіс өңірінің балалары» (2006 жылы III Құрылтайда қабылданды) бағдарламасы негізінде құрылады. Бағдарлама қалалық және аудандық балалар мен жасөспірімдер ұйымдары жұмысының біртұтас кеңістігін қалыптастыруға бағытталған. «ОБЖҰ» ҚБ құрылымына 2008 жылдан бастап негізгі қызметі Павлодар облысының балалар мен жасөспірімдері қозғалысының жұмысын бақылау болып табылатын Балалар мен Үлкендер палатасы – жаңа өзін-өзі басқару органы кірді.

Осының арқасында 2009 жылдан бастап балалар ұйымының жұмысы белсендендірілді. Жыл сайын балалар мен үлкендер палатасының облыстық отырыстары өткізіледі, жаңа жобалар іске қосылды: «Электронды пошта сағаты», «Облыстық балалар мен жасөспірімдер күні», белсенді балалар мектебінің шығулары. «Нәтижелі көшбасшылық шеберханасы» ББМ шығулары аясында М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы педагогтері мен ОБЖҰ ҚБ балалар палатасының мүшелер шебер-сыныптар, «Сенің әлемің - Твой мир» газеті балалар редколлегиясының отырсын өткізеді, өздерінің істері туралы әңгімелейді. Дәстүрлі түрде М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының қабырғасында аудандық балалар мен жасөспірімдер ұйымдары көшбасшылары үшін өткізілетін Балалар мен жасөспірімдер ұйымы күнінде, балалар Оқушылар сарайы үйірмелерінің жұмысымен танысады, шебер-сыныптарға қатысып, «Табысқа бастар жол» жобасы аясында Павлодар облысының танымал адамдарымен қызықты кездесулердің қатысушылары болды. Облыстық балалар мен жасөспірімдер ұйымының дәстүрлі жобалары бар. Бірнеше жыл қатарынан «Әлем менсіз болмас» ұранымен «Көктемгі Мейірім апталығы» акциясы өткізілуде. Дәстүрлі бастау жиыны қоғамға қажетті және пайдалы істердің басы болып табылады. Еңбек сенбіліктері мен экологиялық десанттардан басқа үлкен қайырымдылық жұмыстар жүргізіледі: қатысушылары мүмкіндігі шектеулі балалар болған «Нәзік сұлулық мезеттері» атты шығармашылық жұмыстар көрмесі, адрестік көмек көрсетуге бағытталған «Мейірім ол – өмір» қайырымдылық концерттері. «Шаг на встречу» жобасы аясында дәстүрлі түрде мүмкіндігі шектеулі балаларға жанажылдық қайырымдылық бағдарлама өткізіледі. Оның ұйымдастырушылары – «Жас Ұлан» ОБЖҰ» ҚБ мен М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының клуб мүшелері. Балалар іс-шараны ұйымдастырушылардың жетекшілігімен «Аяз атаның шеберханасында» өздеріне

жаңажылдық ойыншықтар жасап, арнайы өткізілетін ойын бағдарламасына қатысады.

2009 жылдан бастап «Жобалар шеруі» әлеуметтік бастамалардың облыстық сайысына бастама берілді. Әлеуметтік жобалардың тақырыбы – қала мен ауылдарды көріктендіру, туған ауылға қатысты деректерді жинау, экологиялық мәселелерді шешу, бос уақытты қамту және т.б. Облыстық сайыс жеңімпаздарының жұмыстары «Саған менің Отаным – Қазақстаным» балалар әлеуметтік ынталарының республикалық сайысының қатысушылары атанады. 2008 жылдан бастап ОБЖҰ ҚБ мен Павлодар облысының Балалар құқығын қорғау департаментінің бірлескен екі жобасы – «Профи-шоу» мен «Табысқа бастар жол» жаңа жобалары бастау алды. Жобалар аясында кәсіби бағдар беру бағытындағы жаппай іс-шаралардың циклі өткізілуде (қызықты адамдармен, мамандық иелерімен кездесу, үгіттеу топтарының таныстырулары, екіжақты диалог, баспа, бейне-, және аудио- өнімдерді шығару). Бұл жобалардың негізгі мақсаты – қоғамға қажетті жұмыс мамандықтарын ішінен әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтағы жоғарғы сынып өкілдеріне кәсіп таңдауда көмектесу, жасөспірімдерді әлеуметтік тұрғыдан бейімдеу, жұмыс мамандықтарына жастарда оң көзқарас қалыптастыру. «Табысқа бастар жол» жобасы аясында балалар мен жасөспірімдер ұйымдары көшбасшыларының Павлодар облысының танымал және дарынды адамдарымен кездесулер өткізілді.

Павлодар облысы Оқушылар сарайының «Мұрагер» тарихи-өлкетану клубы ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай 30-50 жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшыраған құрбандар туралы «Естелік дауысы» облыстық акциясын өткізудің бастамашысы болды. «Естелік дауысы» акциясына қала жастарын тарту үшін «Мұрагер» клубының мүшелері «SAPA» әлеуметтік жарнаманың қалалық сайысының қатысушысы болып, «Үздік сценарий» номинациясында жеңімпаз атанып, Гран-при жеңіп алды. «Естелік дауысы» акциясының аясында ХХ ғасырдың 30-50 жылдары саяси репрессия құрбандарына арналған «Естелік бейнелер» алғашқы облыстық сайысы өтті. Бұл сайыс саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы естелікті сақтау, туған өлке тарихына жастарда қатыстылық сезімін қалыптастыру, қатыгез саяси террордан зардап шеккен адамдар туралы тарихи фактілерді, фотоматериалдарды қалпына келтіру болды. Қатысушылар бұған дейін белгісіз болған ерекше материалдарды алып келді. Олар саяси қуғын-сүргін айылының астында қалғандардың туғандары мен жақын адамдарын табуға мүмкіндік болған үлкен зерттеу және іздестіру жұмысын жүргізді. 2013 жылдан бастап қоғамдық бірлестік «Өткенді сақтай отырып, болашақты жасаймыз!» жобасын жүзеге асыру арқылы мектеп мұражайлары бағыты бойынша өз жұмысын белсендендіруде.

2006 жылғы желтоқсаннан бастап балалар мен жасөспірімдер ұйымы айына екі рет екі тілде шығатын «Сенің әлемің – Твой мир» газетін шығаруда. Онда балалар мен жасөспірімдердің өмірі мен мәселелеріне байланысты тақырыптар қозғалды. Балалар редколлегиясының құрамына Детский пресс-центр мен «Қаламгер» балалар баспасөз орталығының жас тілшілері кірді. Өзінің жұмысын «Қазақстан-Павлодар» телеарнасында «Дубль 2» бағдарламасы шығаратын «Луч»

балалар киностудиясы жалғастыруда. Облыстық радиода Детский пресс-центр мен «Қаламгер» балалар баспасөз орталығы «Пинг-пог» пен «Жас тілші» бағдарламаларын жүргізеді.

2005 жылдан бастап өзінің жұмысын Балалардың қоғамдық қабылдау бөлмесі жалғастыруда. Бұл балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға көмектесетін тегін ақпараттық-кеңес беруші орталық. Оның жұмысына облыс пен қаланың әртүрлі құрылымдары мен ведомстваларының еріктілері қатысады.

Адам құқықтары демократиялық даму мен азаматтылыққа оқытудың ажырамас бөлігі. Кейбір соңғы әлеуметтік және саяси тенденциялар Европада да және әлемнің басқа бөліктерінде де, мысалы, экономикалық өзара тәуелділік, рассизм, терроризм, саяси апатия, әлеуметтік теңсіздіктің өсуі және саясаттың медиатизациясы, адамның мәдениет әлемі мен құқықтары негізіне күмәндануға әкеледі. Осылай демократиялық тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Сондықтан адам құқықтары бойынша білім беру және азаматтық демократиялыққа баулу соңғы он жылда мемлекеттік органдардың, одан қала берді үкіметтік емес ұйымдардың басты мүддесіне айналды. Адам құқықтары бойынша білім беру және демократиялық азаматтыққа баулу бірге жүреді, себебі, бұл екеуінің де мақсаты – демократияға үйрету. Білім берудің екі түрі де жас азаматтарды білім алуға, басты құндылықтарды анықтауға және қабілеттерді дамытуға әкеледі. Демократиялық азаматтылыққа баулу барысында назар аудару ортасында өзі қатысты болып табылатын қауымдастықтың белсенді және жауапты мүшесі болуға үйрететін «бала-азамат» орналасады. Бұл бағытта қоғамдық қабылдау бөлмесі аясында «Компасито» халықаралық бағдарламасы негізінде жұмыс істейтін құқық мектебі жұмыс атқарады. Бағдарлама балаларды адам құқықтарына үйреткісі келетін және құндылықтар мен әлеуметтік мәселелерді талқыға салудың тәжірибелік жолдарын іздеп жүрген адамдарға арналған. Жаттығулар 6-13 жас аралығындағы балаларға арналған. «Компасито» баланың және жетекшінің білімі мен тәжірибесінде құрылған. Жаттығуларды балалар өзінің уақытының негізгі бөлігін өткізетін жерлерде ұйымдастыруға болады: мектепте, балалар орталықтарында, сабақтардан кейінгі қосымшаларда, демалу орталықтарында, балалар ұйымдарында және балалар лагерьлерінде, кейбір жаттығуларды отбасылық жағдайларда жасауға болады. Жаттығулардың көбіне қатысу үшін балаларға арнайы қандай да бір қабілетті меңгерудің қажеті жоқ, ал жетекші жаттығуларды сәтті орындау үшін ресми емес оқытуды жүргізудің қажетті тәжірибесі мен қабілеттерін меңгерген болуы керек. Бұл көмекші құралда мәдениетаралық жақындау қолданылады, адам құқықтары мен ресми емес оқыту әдістемесі бойынша нақты мәліметтер келтіріледі. Бағдарламада балалардың белсенді қатысуы мен жеке тәжірибесіне негізделген ресми емес оқыту әдістемесі қолданылады. Балалардың қатысу мен ынтымақтастығы топ мүшелері арасында кездесетін қалыптасқан кейбір теріс пікірлерді азайтып, топтың бірлігіне қол жекізуге көмектеседі. Бұл әдістеме күрделі концепцияларды түсінуге мүмкіндік береді, мәселелерді шешу қабілетін дамытады және шығармашылық потенциалдың ашылуына, адам құқықтары аясында білім берудің маңызды мақсаттарына жетуге көмектеседі.

Құқықтық бағыт бойынша «Жаңа ғасырдағы балалар құқығы» облыстық құқықтық жоба жүзеге асты. Облыстық ақпараттық-танымдық «Азаматстан еліне саяхат» кампаниясы дәстүрге айналуда. Іс-шара екі блоктан тұрады. І блок – омбудсмендер «Құқықтық бақылау» таныстыруымен өнер көрсеткен «Мен Қазақстан Республикасының азаматымын», ІІ блок – мектеп омбудсмендері, үкіметтік емес ұйым өкілдері, «ЖасОтан» ЖҚ Павлодар қаласы балалар үйінің, кәмелетке жасы толмағандарды бейімдеу орталықтарының, Облыстық арнайы мектептердің балаларына құқықтық викториналар өткізген төрт мобильді алаң жұмысы.


Облыстық балалар мен жасөспірімдер ұйымы «Жас Ұлан» ББЖҰ РҚБ өткізетін республикалық жобалардың белсенді қатысушысы болып табылады.

Қазіргі жағдайда аға-тәлімгерлерге әдістемелік көмек көрсету ғана емес, өзі дамитын аға-тәлімгерлік тәрбие беру іс-әрекетіне жағдай жасау қарастырылады. Бұл М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы негізінде жұмыс істейтін және қиыншылықтар диагностикасының, болашаққа жоспарлаған істер формаларының сараптама нәтежиесін есепке ала отырып әр тәлімгердің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған облыстық аға-тәлімгерлік шеберлік мектебі рөлінің өскендігін көрсетеді. Оның жұмысын ұйымдастырудың мақсаты – тәрбие беру жұмысының сапасын көтеруге негізделген аға-тәлімгерлік корпусның күшін интеграциялау және бақылау. Бұдан мынандай міндеттер шықты: бір тұтас ақпараттық кеңістік қалыптастыру; «Жас Ұлан» аға-тәлімгерлерімен координаторлардың кәсіби құзіреттілігін жетілдіру; тәрбие берудің инновациялық технологияларын пайдалану; тәрбие беру үрдісі сапасының мониторингтік жүйесін жасау; «Жас Ұлан» аға-тәлімгерлері мен координаторлар белсенділігі көрсеткіші негізі ретінде байқау рейтингісінің талаптарын жасау; нормативтік базаны жаңарту.

Облыстық аға-тәлімгерлер шеберлік мектебі жұмысының әдістемелік қамсыздандырылуы тәрбие берудің инновациялық технологияларын кіргізу үшін; «Жас Ұлан» аға-тәлімгерлері мен координаторларын тәрбие беру ресурстарымен, инновациялық жұмыс тәжірибелерімен таныстыру үшін; «Жас Ұлан» аға-тәлімгерлері мен координаторлары кәсіби қиыншылықтарын анықтау, алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені тарату, тәрбие беру үдерісінің нәтежиелілігін және тиімділігін анықтауға жағдай жасау. Бүкіл жұмыс бірлескен іс-әрекет; «Жас Ұлан» балалар қозғалысы аға-тәлімгерлері мен координаторлары бірігу мүмкіндігі; тәрбие беру үдерісін ұйымдастырудың тиімді формаларын таңдау; «Жас Ұлан» аға-тәлімгерлер мен координаторлардың нәтежиелерінің басты сапалық көрсеткіштерін анықтау негізінде құрылады. Облыс мектептерінің аға-тәлімгерлеріне теориялық және тәжірибелік семинарлар, шебер-сыныптар, балалар қозғалысы сұрақтары бойынша дөңгелек үстелдер өткізіледі. Аға-тәлімгерлік шеберлік мектебі балалар мен жасөспірімдер қозғалысының координаторлары, облыстық балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының тәлімгерлері, Павлодар қаласы ББЖҰ тәлімгерлері, кеңес беру пункттері, «Павлодар Ертіс өңірінің балалары» кешенді жобасы аясындағы іс-шаралар бағыттары бойынша жұмыс істейді. Бұл аға-тәлімгерлер қызметінің әртүрлі аспектілерін

қамытуға мүмкіндік береді. Павлодар облысы педагогикалық кадрларының кәсіби біліктілігін жоғарылату институтымен тығыз қарым-қатынас жүргізілуде. Аға-тәлімгердің қажетті құжаттарын жүйелі жүргізу үшін және жас маманға балалар мен жұмыстың негізін түсінуге көмек беретін «Аға-тәлімгер жұмысының күнделігі» құрастырылған.

Адамның заманауи динамикалық әлемде басты және ең маңызды сапалары мобильділік пен бәсекеге қабілеттілік. Әсіресе өзінің қалыптасуы мен дамуын анықтайтын уақытқа жеткен жасөспірім үшін қоғамда өз орнын табу қиынға соғады. Сондықтан, біз үшін жасөспірім өзін қоршаған ортаны дұрыс бағалап, оның ішінде өзін дұрыс анықтауды үйренуі маңызды. Қоғамда өзінің табыстылығы үшін белгілі бір білімдер мен қабілеттер керек. Сен олар арқылы арнайы бір іс-әрекет аясында өзінің өмірлік позицияңды анықтап, оны белсенді жүзеге асыра аласың. Көшбасшыларды қалыптастыру қоғамда стихиялы түрде жүретін үрдіс емес. Бұл үрдіс ұйымдастыруды қажет етеді. Осы мақсатпен белсенді балалар мектебі жұмыс істейді. «Нәтежиелі көшбасшылық шеберханасы» белсенді балалар мектебі жобасы облыстың мектептік балалар мен жасөспірімдердің ұйымдарының белсенділері үшін М.М.Катаев атындағы облыстық Оқушылар сарайы негізінде жұмыс істейді. Белсенді балалар мектебі тыңдаушылары қатарына қалалық және аудандық балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының жалпы орта білім беру мектептерінің 5-11 сынып оқушылары кіреді. Мектеп өзінің жұмысын «Павлодар-Ертіс өңірі балалары» бағдарламасына негізделген 6 білім беру курсы бойынша жүзеге асырады. Облыстың мектептік балалар мен жасөспірімдер ұйымдары және бірлестіктерімен ынтымақтаса отырып белсенді балалар мектебінде педагогтер оқушыларды пайдалы іс-әрекетпен таныстыру және оған тарту жұмысының әртүрлі формаларын пайдаланады. Сабақты өткізу формалары стратегиялық және тактикалық мақсаттар мен міндеттерге байланысты таңдап алынады.



Бүгінгі таңда Павлодар облысының «Облыстық балалар мен жасөспірімдер ұйымы» қоғамдық бірлестігі өзінің іс-әрекет аясын кеңейтудің жаңа деңгейінде тұр. «Жас Отан» жастар қанаты мен облыстың басқа да үкіметтік емес ұйымдары мен жастар қозғалысының өзекті проблемаларын шешуде жалпы күштерді біріктіру мақсатымен тығыз ынтымақтастыққа шықты. Осындай үкіметтік емес ұйымдардың бірі – «Қазақстан скауыттық қозғалысының ұйымы» қоғамдық бірлестігі.

«Қазақстан скауыттық қозғалысының ұйымы» қоғамдық бірлестігі 1992 жылы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде ресми тіркелді. 2008 жылы Қазақстандық ұйым бүкіл әлемдік скауттар қозғалысы ұйымының қатарына кірді. «Қазақстан скауттық қозғалысы ұйымының» мақсаты – өз елінің жауапты және абыройлы азаматтарын тәрбиелеу үшін Қазақстанда скаутингті дамыту. «Қазақстан скауыттық қозғалысы ұйымының» филиалдары Қазақстанның аймақтарында жұмыс істейді. Бүгінгі таңда ұйым Қазақстан бойынша 7-18 және одан да жоғары жас шамасындағы 1200-ден көп жас адамдарды біріктіреді. Балалар скауттық топтарда скауттық баспалдақтар бойынша яғни жас ерекшеліктеріне сай бөліне отырып жұмыс істейді. 7-10 жас кіші скауттар, 11-15 скауттар, 16-17 аға-скауттар 18 жас – инструкторлар. Бірақ скауттарда жас бойынша шектеу жоқ. Штаб М.М. Катаев атындағы Павлодар облыстық Оқушылар сарайында орналасқан. Республикалық скауттар ұйымының президенті және негізін қалаушы Виктор Деймунд.

Ұйымда Жеңіс күніне арналған «Победа в лицах» іс-шарасы мен «Көктемнің Мейірім апталығы» дәстүрге айналып, жылдан-жылға өткізіліп келе жатыр. Көктемнің Мейірім апталығында скауттар балалар үйлерінде, қарттар, сәбилер үйлерінде, мектептер мен көшелерде, үйлерде өз қайырымдылық көмегін жасай алады. Тағы бір іс-шара Ертіс өзенінің 100 км жуық қашықтығы бойымен өзеннің аңғарын тазалау жүргізіледі. Скауттар дәстүрлі түрде Белсенді жастар мектебінің жұмысына, әлеуметтік жобалар жәрмеңкесіне, Immarket тұсаукесер-жәрмеңкелеріне, «Десанта» ҚҚ мен Әріптестік орталығы өткізетін жобаларға, «Алтын күз» туристік сайыстары мен Германия және Қазақстанның Ұлттық Джамбори атты шараларына қатысады.

Патриотизм ұлттық мәдениеттің элементі болып табылады, ал скаут қоғамның дамуына өзінің үлесін қосатын жас азамат және патриот. Қазақстан скауттар қозғалысының ұйымы «Қазақстан - 2050» стратегиясы президенттік бағдарламасына арналған «Болашақ бүгіннен басталады» Республикалық акциясына белсенді қатысты. Павлодар облысының скауттары «Анашым», «Мен және менің болашағы», «Сен жалғыз емессің», «Табиғат біздің айналамызда» акцияларын өткізді. Олар ардагерлерге деген құрметті тәрбиелеу, кәсіби бағдарлауға, мүмкіндігі шектеулі адамдарға жақсы қарым-қатынасты қалыптастыруға, табиғатқа деген қамқорлықты тәрбиелеуге бағытталған.

Отанға деген махаббат өзінің үйіне, өзінің аулаңа деген қамқорлық. Скауттар жүйелі түрде үй мен аулаларды көріктендірумен айналысады (қоқысты жинау, ағаш пен гүлдерді отырғызу). Отанға сүйіспеншілік туған және жақын

адамдарына, достарына, жалпы адамдардың барлығына қамқорлық. Қазақстан скауттары қарттар үйі, балалар үйі аулаларына ағаш отырғызу, қарт адамдарға, мүгедек балаларға көмек көрсету акцияларын дәстүрге айналды. Әр скаут өзінің туған өлкесінің, мемлекетінің тарихын жақсы біледі. Біз өзіміздің туған жеріміз бен уақытымызды таңдамаймыз. Бірақ біз еліміз қандай сол қалпында жақсы көріп, оның тарихын білуіміз керек. Скаутинг үлкен және кіші оқиғаларға мыңдаған қарапайым адамдар тағдыры араласып кеткенін үйретеді және біз олар туралы естелікті қорғап, оған құрмет көрсетуіміз керек.

Патриотизм ұлттық мәдениеттің элементі. Дәстүрлер мен символдар біздің ата-бабаларымыз жүрген белгілі бір тарихи жолға біздің де қатыстылығымызды ескертетін дүниелер. Скаут – өз Отанының азаматы, ол бүгінгі күні осы қауымдастыққа жатады және бүгінгі күннің өзінде қоғамның дамуына жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейде өз үлесін қосады.

Скауттар арасында жазғы шатырлы лагерьлер дәстүрге айналды. Мұнда балалар қиындыққа қарсы тұру, денсаулықты нығайту мен физикалық дайындықты бекіту қабілеттерін алады. Бұл лагерьлерде бәрін өздері істейді. Ас дайындайды, аймақты тазалайды, жобаларын таныстырып, оларды жүзеге асырады. Әрине, бұл жұмыстарда оларға аға-тәлімгерлер көмектеседі.

Павлодар облысында бірінші орынға жастардың әлеуметтік жобаларын жүзеге асыру; мектептік және студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің дамуына ықпал көрсету; балалар мен студенттік бірлестіктер жұмысына жастарды тарту үшін ақпараттық кеңістікті жасау мақсатымен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғамды өз жұмыстарымен ақпараттандыру; балалар БАҚ санын және сапасын өсіру; «Жас Ұлан» облыстық балалар мен жасөспірімдер ұйымының бастамасымен «Балалар құқықтық мектебі» бір тұтас құқықтық білім беру орталығын жасау; жас көшбасшыларды анықтау және қоғамдық іс-әрекеттің барлық жақтарына оларды тарту болып табылады.

Алматы және Қостанай қалаларындағы балалар ұйымдарының жұмыс тәжірибесінен

Алматы және Қостанай қалаларындағы балалар ұйымдарының жұмыс тәжірибелері қызықты.

«Арай» комсомолдық штабы, ал қазір Алматы қаласындағы жоғарғы сынып оқушыларының штабы, ол 1986 жылдан бастап өз жұмысын бастады. Пионерлер мен комсомолдардың уақыты өтседе, біздің штаб «өмір сүруде», жаңа жағдайларға үйренді және бірлік рухын, бір-біріне қол ұшын беру және бір-бірін түсінуді сақтап қалды, ол қанаттандырып, күш пен энергия береді, шығармашылықты, жақсылыққа деген сенімді және әділдікті оятады.

Мұның бәрі 1986 жылы Мектеп комсомолдары белсенділерінің «Достық» Республикалық жиыны өткізілген кезде басталды, жиынға Қазақстан Республикасының түкпірінен балалар жиналды. Жиынның соңында мектеп комсомолдар ұйымдарының және штабтарының қызметін бағыттайтын орталықты құру шешімі қабылданды. 1986 жылғы ақпанда Быкова Елена Валерьевна басқарған Республикалық Оқушылар және пионерлер сарайында «Арай» комсомолдық штабының Республикалық алғашқы отырысы өткізілді. 90-жылдың басында КСРО-ның құлдырау кезінде әрине штаб күйзеліске ұшырады – комсомолды қысқартты, басқа да жастар ұйымдары құлдырады, алға қадам жасауға көмектесетін және оларды біріктіретін ұжымдық жұмыстар болмады. Сол уақытта штабтың қазіргі жетекшісі Лаврушенко Оксана Витальевна оны қайта құрды, штабқа тұлғаны дамытуға, бір-бірімен толық қарым-қатынас құруға және туыстар мен алыс адамдар үшін пайдалы жұмысқа негізделген жаңа бағыт берді. Міне 20 жылда «Арай» осы бағытта даму үстінде. Арайлықтардың қоршаған ортамен қарым-қатынасы және өмір сүру стилі – бұл адамдармен жақсы қарым-қатынас орнату, олардың негізгі заңдары былай дейді «Сен не істемесеңде, әлемдегі жақсылық ұлғая беруі керек», сондықтан да арайлыққа арналған дәрежесі бар нағыз арайлық емес, өмірде жүрегін жақсылық ұялаған адам нағыз арайлық болып саналады.

Өмірді өзгерту үшін ең алдымен өзіңнен баста! Клубтың сабақтарында ойындар, комплексті жеңуге, театр шеберлігінде, ораторлықта жаңа дағдыларды қалыптастыруға арналған көп тапсырмалар бар. Әуен де(музыка) көп – әр сабақта гитарамен айтылатын бард әндері айтылады, Арайға ауысып келгендердің көбісі бұл құралды үйреніп қана қоймай, өздері ән шығаратын болды. Бірақ, қоғамдық бағытты ескере отырып ұжым әртүрлі акцияларда: қайырымдылық – балалар үйлері мен ауруханалардағы ойын бағдарламаларында, экологиялық және т.б. қатысып отырады.

Қостанай қаласындағы «Бұлақ» жастар қоғамдық бірлестігі 2007 жылдғы қазанда құрылды. «Бұлақтың» негізгі қызмет бағыты экология және өлкетану болып табылады. Осы бағытта жұмыс жасай отырып, балалар туған өлкесін меңгеру және зерттеу үшін әртүрлі және көлемді материалды алады. Негізгі мақсаты – бұл балаларды, жастарды туған өлкесінің тарихын меңгеруге

жұмылдыру, рухани-адамгершілік басымдылықтары даусыз болатын және қоғамдағы өмірге бейімделген тұлғаны тәрбиелеу.

Барлық қызмет түрі бірлестікке қатысушылардың ғылыми қызметі мен шығармашылығын дамыту, қоғамдық пайдалы іс-шараларды ұйымдастыру, сондай-ақ тұрғындарды өлкетану-зерттеушілік жұмыстарға жұмылдыруға бағытталған. «Өз өлкенді сүю үшін, оны жақсы білу қажет» ұраны негізінен бірлестіктің әрбір қатысушысы біздің өлкедегі халықтардың дәстүріне негізделген білім жүйесін және құндылықтар мен нормаларды меңгеруі қажет. Балалар «Өзіңе және өз мүмкіндіктеріңе, ынтымақтастыққа, көмекке, уайымдауға сену» принципін басшылыққа алады.

«Бұлақ» инвалид балалардың үстінен басқарады: қайырымдылық және ойын-сауықтыру іс-шараларын, акцияларын өткізеді. Балалар мен жасөспірімдер үшін байқау-ойын-сауық және интеллектуалдық бағдарламаларын, фольклорлық мерекелерді ұйымдастырады, Жеңіс күніне арналған «Естелік вахтасы» іс-шарасын өткізу дәстүрге айналды. Мектеп балалар ұйымдарымен тығыз қарым-қатынаста. Спорттық жарыстар, бір күндік жорықтар, пионерлік отшашулар, жарқылдар өткізіледі. Лайықты ауысымды тәрбиелеу мақсатында «Росток» үйірмесі ұйымдастырылды – жұмысқа алғашқы енгізулері – инвалид балалар мен зейнеткерлерге арналған емдік шөптерді жинау болып табылады. Жыл сайын акциялар, бірнеше кезеңнен тұратын «Целлофан пакеті», «Сіздің аулаңыз – сіздің бет-айнаңыз», «Таза жағалау», «Ағаш отырғыз» атты экологиялық десанттар және т.б. өз бастауларын алады. «Біздің нәзік әлемімізді сақтап қалу әлі де кеш емес!» жобасы – тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру болып табылады. Жобаның бағдарламасында: «Жер шары таза болып сақталсын» ескерткіштер ауласын, ҰОС ескерткіштерін жинау, тыл ардагерлеріне көмек көрсету бойынша экологиялық десант бар. «Әсемдікті құртуға бармаңыздар!» атты үшкіндік экологиялық маршрут. Маршруттың аясында Тобол өзенінің жағалауын, тұрғындардың белсенді демалыс орындарын қоқыстан тазарту, кеуіп кеткен ағаштарды кесу жұмыстары ұйымдастырылды. Маршрутқа қатысушыларға арналған «Арқан курсы» ұйымдастырылды. Мектептегі кіші жастағы балаларға арналған «Біздің шалғындықтағы дәрігерлік әлем» семинар-практикумы, «Жақсы дегеніміз не, жаман дегеніміз не» экологиялық шоу. Жоба: жұмыс жасайтын жастардың арасындағы «Кәсіби шеберлік» байқауы – жастар арасындағы жұмыс жасайтындарды және педагогикалық мамандықтың мәртебесін арттыру және насихаттау. «Бірге бәрін жасай аламыз!» - жобасы, бұл жоба белсенді өмірлік ұстанымдарды қалыптастыру, жастардың бастамаларын дамытуға бағытталған. Жоба аясында: жастардың бастамаларын дамытудағы әдістемелік оқыту тақырыбы бойынша «Достар, бірге қол ұстайық» атты біркүндік төрт семинар-тренингтер өткізілді. «Ащысүттағамдары, толықсүттағамдары өнімдерінің шебері» мамандығы бойынша жас түлектердің арасында кәсіби шеберліктің байқауы, жас кітапханашылардың арасында кәсіби шеберліктің байқауы өткізілді. ТҮЕҰ жастардың жетекшілері, бастаушы топтар, клуб жетекшілеріне «Жастардың бос

уақытының инновациялық формалары» атты семинар, жастар арасында зияткерлік деңгейді арттыру және оқуды қолдау мәселелеріне жас қоғамды жұмылдыру мақсатында «Жастар мен кітап» фестивалі өткізілді.

Қазіргі кезеңде балалар қозғалысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Балалар қоғамдық ұйымдарымен бірлестіктерінің теориялық және практикалық тәжірибесін жинақтау негізінде және балалар қоғамдық ұйымдары тақырыбы бойынша жасалған зерттеулердің педагогикалық, әдістемелік, арнайы әдебиеттерін қорытындылау арқылы, біздің ойымызша, балалар қозғалысын ұйымдастырушыға пайдалы болатын әдістемелік ұсынымдардың тізбесін жасадық.

Жалпы мектептегі балалар қоғамдық қозғалысы және қосымша білім беру ұйымдарындағы балалар ұйымының іс-әрекеті сәтті және нәтежиелі болуы үшін төмендегілер қажет:

- Балалар қоғамдық ұйымы іс-әрекеті бағдарламасының координаторының балалар қоғамдық қозғалысы мен балалар қоғамдық ұйымдарының пайда болу және даму тарихы бойынша терең жүйелі білімі болуы керек. Себебі, оның басты мақсаты – балалар тұлғасының әлеуметтік тұрақталуы үшін жағдайлар жасау және қоғамда әртүрлі әлеуметтік қызметтер орындау үшін ұйым мүшелерінде дайындықты қалыптастыру. Ал оның жүзеге асуы үшін жоғарыда айтылған теориялық және практикалық жұмыс тәжірибесін есепке алып, ұйым жұмысының ең нәтежиелі және қызықты әдіс-тәсілдері мен формаларын таңдау қажет. Осы мақсатпен жүйелі түрде әдістемелік ғылыми және арнайы әдебиетті оқып, біліктілікті көтеру бойынша өткізілетін семинарларға, шебер-сыныптарға, тренингтерге, курстарға қатысып, өз білімін жетілдірумен белсенді айналысу қажет.

- Балалар қозғалысының координаторлары басқа балалар қозғалысының және балалар қоғамдық ұйымдарының жұмысын бақылап, жұмысты ұйымдастырудың жаңа жолдарын іздеулері керек. Барлығы да салыстыру барысында танылатыны ешкімге де құпия емес, сондықтан даму тенденцияларынан қалмау үшін заман талабына сай әрекет ету үшін ұйымдастырушы балалар қоғамдық қозғалысы мен балалар қоғамдық ұйымдарының даму аясындағы соңғы жаңалықтан хабардар болуы қажет.

- Балалар қоғамдық ұйымдарын құру бойынша мамандар жұмысында ұжымдық және жеке жұмыс формаларын дұрыс үйлестіре пайдаланған жөн. Ол үшін әртүрлі іс-шаралар өткізіп, балаларға жеке ғана емес, тапсырмаларды топтық орындауда да өздерін көрсетуге мүмкіндік берген дұрыс. Бұл өз кезегінде балалар мен жасөспірімдерді болашақта белгілі бір дәрежеде өзіне «байланысты» ететін және идеялық, ұйымдастырушылық әсерін сездіретін жастар мен басқа да әлеуметтік қозғалыстарда аса жауапты іс-әрекетке дайындайтын өзіндік баспалдақ болып табылады.

- Педагогтің жұмысында ынтымақтастықтан достастыққа; достастықтан шығармашылық ынтымақтастыққа қағидасын пайдалануға орын болуы керек. Ол үшін аға-тәлімгерлерге балалар қозғалысын ұйымдастырушыларға, педагогтерге балалардың шығармашылық белсенділігін дамытып, көптеген шығармашылық сайыстар ұйымдастырған жөн. Балалар мен ересек адам ынтымақтастықта болып, педагог әр уақыт мүмкіндігінше балаларға көмектесуі керек, бірақ олар үшін бүкіл жұмысты істемегені жөн. Бұл басқа ұжымдар мен қауымдастықтарда баланың қарым-қатынас мінезінің негізін жасайтын маңызды принцип. Егер бала бұл принципті меңгерсе, болашақта тұлғаның әлеуметтену үрдісі тезірек және оңай өтетін болады және де әрі қарай өмірінде өзінің шығармашылық потенциалын жүзеге асыру мүмкіндігін арттырады. Ол үшін балалардың қажеттілігіне жауап беретін ойындар мен іс-шараларды көп өткізіп, мектеп өміріне оларды белсендірек тарту қажет. Өйткені, ойын барысында бала әлеуметтік қарым-қатынастар тәжірибесін меңгеріп, әртүрлі іс-әрекеттер аясында жаңа әлеуметтік рөлдерді игереді. Қолымызда бар түсініктер мен білімдер негізінде балалар мен үлкендердің өзара әлеуметтік қарым-қатынас жасау нұсқаларының талдауы жүреді.

- Аға-тәлімгерлер мен балалар қозғалысының координаторлары, педагогтер балалардың қызығушылық аясын кеңейтуі керек, сонымен қатар, іс-әрекеттің белсенді және шығармашылық түрлеріне қызығушылықты қолдап, оларды достарымен әңгімесі және ойын сауыққа деген қызығушылықтары үшін тыйым салмай, жаңа іс-әрекеттер аясына тартуы керек. Ол үшін балалар қозғалысы бағдарламасында баланың шығармашылық танымы мен ойын кеңейту үшін, өзін мүмкіндігінше көп бағыттарды көруі үшін, өзіне лайықты не екенін түсініп, анықтауы үшін әртүрлі бағыттағы жобалар мен іс-шаралар көрсетілуі керек.

- Егер балалар әртүрлі сайыстарға ерекше ынтымақтастықпен қатысатын болса, олардың шығармашылық белсенділігі жоғары болады. Ол үшін оқыту емес, жас азаматты мінезін қалыптастыратын дүниеге тарту қажет.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі балалар қозғалысы координаторларына, аға-тәлімгерлер мен педагогтерге, жалпы мектеп пен қосымша білім беру ұйымы негізінде балалар қоғамдық қозғалысының, балалар қоғамдық ұйымының іс-әрекетін ұйымдастыруда, сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдердің табысты әлеуметтенуіне көмектеседі деп сенеміз.

Балалар ұжымымен жұмыс істейтін әрбір адам балалар қоғамдық ұйымының жұмысын қамтамасыз ететін және жасөспірімдердің әлеуметтенуіне жағдай жасайтын педагогикалық жағдайлар кешені төмендегілерден құралатынын білуі керек:

- Жасөспірімдердің жас, жеке, тұлғалық ерекшеліктерін есепке алу және мәдени әлеуметтік іс-әрекетке белсенді қосылуда оған мақсатты әсер ету;

- жеке жұмыс жасау, сабақтастық, жүйелілік және мақсатты бағыттылық, әуесқойлық пен өз-өзіне жауап берудің педагогикалық қағидаларын жүзеге асыру;

- жасөспірімдерді балалар қоғамдық ұйымдарының мәдени әлеуметтік іс-әрекет барысында пайда болатын шынайы әлеуметтік маңызды қатынастарға қосу;
- өзін-өзін басқаруға негізделген балалар қоғамдық ұйымдарының мәдени-әлеуметтік іс-әрекетін ұйымдастыру;
- бос уақытты ұйымдастырудың, мәдени сауықтық бағдарламалардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып мәдени-әлеуметтік іс-әрекеттердің технологияларын тәрбие беру үрдісінде пайдалану;
- педагогтер мен жасөспірімдердің (бірлесе басқару, ынтымақтастық, әріптестік) өзара қарым-қатынастарын ұйымдастыру;
- Балалар қоғамдық ұйымдарында өзін-өзі басқаруды мәдени-әлеуметтік іс-әрекет арқылы дамыту бойынша бағдарламаны жасау және жүзеге асыру.

Жоғарыда айтылғандарды есепке ала отырып, Қазақстан Республикасындағы балалар қоғамдық қозғалысының дамуына көмектесетін негізгі жолдарды анықтаған жөн:

1. Әрекет етіп отырған балалар қоғамдық бірлестіктер жүйесін сақтау және дамыту. Бұл дегеніміз олардың іс-әрекетінің басқаруын қамтамасыз ететін әртүрлі бағыттағы балалар қоғамдық бірлестіктерінің өзара әрекеттестік жүйесін жасау және жүзеге асыру.

Бұл жолдың тиімділігінің басты көрсеткіштері ретінде мыналарды анықтау:

1. 7-16 жасқа дейінгі балалардың жалпы санының кемінде 80%-ын балалардың қоғамдық қозғалысының қамтуы;
2. Балалар қоғамдық бірлестігіне кіретін әлеуметтік қауіп-қатер тобы, мүгедек балалар мен денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар тобының бөлігі осы деңгейге жататын балалардың жалпы санының 20%-нан кем болмауы;
3. өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық жүйесіне қосылған балалар қоғамдық бірлестіктерінің үлесі республикадағы балалар бірлестігінің жалпы санының 100% құрауы;
4. әртүрлі бағыттағы балалар қоғамдық бірлестіктерінің белсенділерін жүйелі оқытуда қатысып жүрген балалар қоғамдық бірлестіктері мүшелерінің үлесі республиканың балалар бірлестігіне кіретін жалпы балалар санынан 10% кем болмауы.

Қазіргі таңда қоғамдық қозғалыспен 7-16 жас аралығындағы балалардың жалпы санының 80%-ын қамту – бірінші көрсеткіші «Жас Ұлан» Бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігімен жүзеге асырылды.

2. Қазақстан Республикасының балалар қоғамдық қозғалысы жөніндегі мәліметтер қорын қалыптастыруды; балалар мен жастар қозғалысының даму тенденцияларының жағдайын зерттеу мен болжауға бағытталған жыл сайынғы мониторингін өткізуді; республиканың балалар қоғамдық бірлестіктері іс-әрекетінің нормативті-құқықтық негізделуін; Республиканың балалар қоғамдық қозғалысының қоғамдық дамуының ғылыми әдістемелік негізделуін; республиканың балалар қоғамдық бірлестігі жұмысының ақпараттық сүйемелденуін; ғаламтор желісінде міндетті нұсқасы бар балалар қоғамдық

бірлестігінің өзінің ақпараттық ресурстар желісін дамытуды; балалар қоғамдық бірлестігінің материалдық базасын бекіту мен дамытуды (бюджеттік және бюджеттен тыс қаражаттар есебінен балалар қоғамдық бірлестіктерінің болашағы бар бағдарламалары мен жобаларын қолдау жүйесін кеңейту; ұйымдар мен БҚҰ – ның әлеуметтік маңызды іс-әрекетін жүзеге асыру барысында материалдық қолдау жасаған бизнес өкілдерін марапаттау бойынша арнайы іс-шаралар өткізу; франдрайзинг негіздеріне, коммерциалық емес ұйымдарда қаражаттық-шаруашылық жұмысты жүргізу ережелері бойынша БҚҰ жетекшілерін оқыту және т.б.) көздейтін балалар қоғамдық қозғалысы дамуын ресурстық қамтамасыз етуді жетілдіру.

Ерекше назарды мемлекеттік, аймақтық, қоғамдық жеке ұйымдардың республиканың балалар қоғамдық қозғалысы аясындағы ведомствоаралық өзара әрекеттестігін дамытуға; балалар қоғамдық бірлестіктері жұмысын әлеуметтік жарнамалаудың әртүрлі формаларын дамытуға; балалар қозғалысының дербестілігін қамтамасыз етуге аудару керек.

Нәтежиелік көрсеткіштері:

1) Қазақстан Республикасының балалар қоғамдық қозғалысы жөнінде мәліметтер қорын жүйелі жүргізу;

2) республикалық немесе аймақтық деңгейлерде ресурстық жүйеге қосылған балалар қоғамдық бірлестіктерінің саны облыстың балалар бірлестіктерінің жалпы саны ішінде – жылына 30 бірлестіктен кем емес;

3) республиканың балалар қоғамдық қозғалысының дамуын ақпараттық жағынан сүйемелдеуді қамтамасыз ететін аймақтық деңгейдегі медиа ресурстың қызмет етуі (сайт, партал);

4) республиканың балалар қоғамдық қозғалысының мүддесін көздей отыра мемлекеттік, аймақтық, жеке ұйымдардың ведомствоаралық жүйелі өзара әрекеттестігі.

3. Балалар қоғамдық қозғалысының педагогикалық жақтан қамсыздандырылуын дамытуды жүзеге асыру үшін кадрлық потенциалды нығайту қажет, яғни, аймақтық балалар қоғамдық бірлестіктерінен босатылған жетекшілер аға-тәлімгерлер кадрлармен қамтамасыз етуге кең көмек көрсету; балалар қоғамдық бірлестіктерімен жұмыс істейтін педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзреттілігін көтеруге бағытталған қайта дайындау мен біліктілікті көтерудің білім беру бағдарламаларын жасау және жүзеге асыру; балалар қоғамдық бірлестіктері құрылған білім беру ұйымдарында педагогикалық қызметкерлердің сынақтан өткізу жүйесін ұйымдастыру; балалар қоғамдық бірлестіктері жұмысын сүйемелдеуге қатысатын педагогикалық кадрлардың біліктілігін көтеруге әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру; балалар қоғамдық бірлестіктері жұмысының мәселелеріне арналған ғылыми тәжірибелік конференциялар, семинарлар, «дөңгелек үстелдер», қызметтік кездесулер мен шебер-сыныптарды педагогикалық қызметкерлерге өткізу. Балалар қоғамдық бірлестіктерінің ересек қатысушылары үшін көшбасшылық білім беру және аға-тәлімгерлік шеберлігінің мектебін құру; кәсіби шеберлік сайыстарына қатысу үшін балалар қозғалысын ұйымдастырушыларды ынталандыру; ЖОО тұрақты

негізде өзара әрекеттестікті жүзеге асыру, соның ішінде балалар мен жастардың қоғамдық қозғалысының проблематикасы бойынша студенттерді зерттеу жұмысына тарту, студенттік тәжірибені өткізу үшін орын беру және жәрдемдесу.

Нәтежиелік көрсеткіштері:

1) Балалар қозғалысына кіретін педагогикалық кадрларды сақтау деңгейі (аға-тәлімгерлер, балалар қоғамдық бірлестіктерінің босатылған жетекшілері) – 90% кем емес;

2) республиканың балалар бірлестіктерінің жалпы санында педагогикалық қызметкерлер кадрларымен қамтамасыз етілген балалар қоғамдық бірлестіктерімен үлесі (соның ішінде алғашқылары) – 100%;

3) Балалар қоғамдық бірлестіктеріндегі педагогикалық қызметкерлердің (аға-тәлімгерлер, балалар қоғамдық бірлестіктерінен босатылған жетекшілері) әлеуметтік дәрежесін көтеруге бағытталған іс-шаралар саны – жылына 15 іс-шарадан кем емес.

Қорытынды

Аталмыш жұмыста біз Балалар қоғамдық қозғалысының, Балалар қоғамдық бірлестігінің балалар мен жасөспірімдер тұлғасының дұрыс дамуына, олардың заманауи қоғамда әлеуметтенуіндегі маңызын көрсетуге тырыстық. Себебі, маңызды әлеуметтік институт ретінде мектепте әлемді танудың негізгі ұстанымдары берілетін болса, балалар бірлестігінде бала, жасөспірім өзінің жеке шығармашылық және көшбасшылық потенциалы жүзеге асады, оның болашағына алаңдайтын үлкендердің қызығушылықтарынан көбіне ерекшеленетін жеке қажеттіліктерден шыға отырып өз өмірін жасайды.

Мектеп әртүрлі әлеуметтік институттардың бала тәрбиесіне әсерін ескереді олардың арасында әртүрлі балалар қоғамдық қозғалыстары, ұйымдары, бірестіктері ерекше орынға ие.

Бүкіл кеңестік пионер ұйымының орнына – бірыңғай монопольді, жаппай - көптеген балалар қозғалысының формалары мен құрылымдары келді. Бүгінгі таңда балалар қозғалысы - балалар өмірінің айналасындағы оқиғаларға өзіндік жауап ретінде танылған балалардың өз сұраныстары, қажеттіліктері мен ынталары нәтижесінде ерікті түрде жасалатын әрекетінде көрінетін күрделі әлеуметтік педагогикалық шынайылық ретінде танылады. Олардың негізгі ерекшелігі – өзін-өзі анықтау мен әлеуметтік даму секілді табиғи қажеттіліктерін баланың өзі жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекеттер.

Балаға балалардың, олардың қауымдастықтарының күшімен оң әсер етіп, мектепті, мектептен тыс ұйымдарды, отбасын толықтыра отырып, тұлға ретінде баланың дамуын жеңіл басқаруға жағдай жасайтын балалар қозғалысын ұйымдастыру тәсілдері, ерекше жағдайлары тәрбие құралы бола алады. Балалар қозғалысының негізгі формасы шарттарының бірі - педагогикалық ұйымдасқан әлеуметтік және тұлғалық маңызды балалар қоғамдық бірлестігінің іс-әрекеті.

Қазіргі балалар қоғамдық қозғалысын тарихи кеңістікте, балалық және жасөспірімдік жастың нақты уақытында өріс алып жатқан және қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси құбылыстарының әсерін сезініп жатқан мәдени әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру қажет. Балалар қоғамдық ұйымдары мен бірлестіктері тәрбие берудің ерекше институты бола тұрып, балалар қозғалысының тұрақты және қалыптасқан бөлігі, ал жасөспірімдердің белсенді өмір ұстанымдарымен, олардың ынтасын танытуды қалыптастыруды қамтамасыз ете алатын тиімді құрал - оның Балалар қоғамдық ұйымдарымен арнайы ұйымдастырылатын әлеуметтік-мәдени іс-әрекеті.

Қоғамдық ұйымдардың, соның ішінде өсіп келе жатқан ұрпаққа тәрбие беру институты ретінде балалар қоғамдық ұйымдардың маңыздылығы қазіргі жағдайларда күрт өсуде. Сондықтан, бүгінгі күні жас ұрпақтың әлеуметтенуінің негізгі факторы ретінде танылатын балалар қоғамдық ұйымдарындағы өзін-өзі басқаруды дамыту жолдарын анықтау маңызды. Біздің ойымызша, балалар қоғамдық ұйымдарының мәдени-әлеуметтік іс-әрекетінің мүмкіндіктерін пайдалану – осы ұйымдарда өзін-өзі басқаруды дамытудың өнімді жолдарының бірі.

Қоғамдық ұйымдардың жұмысында балалар мен жасөспірімдердің қатысуы арқылы білім беру ұйымдарының мәдени-әлеуметтік жұмысын ұйымдастыру бойынша нақты әдістемелік ұсынымдар көшбасшылар мен балалардың, жасөспірімдердің, жастардың қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдарының жетекшілеріне, қоғамдық координаторларына, қосымша білім беру педагогтеріне, аға-тәлімгерлерге, сынып жетекшілеріне көмек көрсетуге бағытталған. Мазмұны жүйелілік пен ұйымдастырушылық, жұмыста сабақтастық секілді әдістемелік қағидаларға бағынатын әртүрлі материалдар ұсынылады.

Мамандар балалар қоғамдық қозғалысының тарихи және заманауи даму тенденцияларына ерекшеліктерін анықтаған және талдаған. Республикамыздағы балалар қоғамыдық қозғалысының даму бағыттары әлемдік тенденцияларға сай және тәрбие беру кеңістігіндегі балалар ұйымдарының өз орнын анықтайды. Оларды әрі қарай қолдау өсіп келе жатқан ұрпақтың әлеуметтенуінің міндеттерін тиімді шешуге жағдай жасайды.

Барлық балалар қоғамдық бірлестігі ҚР-ның қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамасына сай өз жұмыстарын жасайды. Бұл заң Қазақстан Республикасының азаматтарының бірлесу еркіндігі мен қоғамдық бірлестіктерді құру, іс-әрекет ету, қайта құру және жою секілді әрекеттерді жүзеге асыру барысында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейді. Яғни, балалар қоғамдық бірлестіктері ерекше әлеуметтік институт ретінде жеке қызығушылықтар мен қоғамдық қажеттіліктерге негізделі отырып құрылатын бүгінгі өмір кеңістігінде оқушының шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін жүзеге асыруда байқалатын өсіп келе жатқан адамның дүниені тану ұстанымының фундаментін салу бойынша арнайы міндеттерді шешеді.

Сөздік

Қоғамдық бірлестіктер ретінде Қазақстан Республикасында заңнамаға қайшы келмейтін бір мақсатқа жету үшін ерікті негізде құрылған саяси партиялар, кәсіби одақтар, азаматтардың басқа да бірлестіктері танылады. Қоғамдық бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар болып табылады.

Балалар қоғамдық бірлестігі – біріккен азаматтардың бәріне ортақ мүдделерді қорғау мен жарғылық міндеттерге жетуі үшін ынтымақты әрекетке негізделіп құрылған, 7-16 жасқа дейінгі, сонымен қатар, кәмелетке жасы толған азаматтарды қамтитын мүшелікке негізделген қоғамдық бірлестік.

Қазақстан Республикасының балалар қоғамдық қозғалысы – бұл Республикада қызмет ететін әр түрлі типтегі және түрдегі (ұйымдар, одақтар, қоғамдастықтар, клубтар, командалар, отрядтар, сонымен қатар олардың ассоциациялары) балалар қоғамдық бірлестіктері қызметі мен әрекетінің жиынтығы.

Балалар қозғалысының инфрақұрлымы – балалар қоғамдық бірлестіктерінің іс-әрекеттерін, олардың өзара әрекеттестігі мен дамуын қолдайтын ұйымдар, қызметтер мен әлеуметтік институттар.

Балалар қоғамдық бірлестіктері іс-әрекеттерінің кеңістігі – балалар қоғамдық бірлестіктерінің базалық орындары, қызмет етуі мен дамуы және балалардың азаматтық әлеуметтенуі үшін қажетті жағдайларды жасайтын, олардың әлеуметтік маңызды іс-әрекеттің әр түрінде өздерінің орнын табуына қажетті жағдай жасайтын айналамыздағы әлеуметтік мәдени орта.

Балалар қоғамдық бірлестіктерін мемлекеттік қолдау – балалардың қоғамдық өмірде дамуымен өз орындарын табуына, әлеуметтік жағынан жетілуіне, сонымен қатар, олардың құқықтарын қорғауға және сақтауға бағытталған балалар мен жасөспірімдер ұйымдары жұмысының құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайларын жасау және қамтамасыз ету мақсатымен мемлекеттік жастар саясатында мемлекеттік билік органдарымен қолданылатын шаралар жиынтығы.

Балалар қоғамдық қозғалысының ұйымдастырушысы – балалардың қоғамдық бірлестігінде кәсіби немесе өз ынтасымен жұмыс істейтін ересек адамның әлеуметтік рөлі. *Аға тәлімгер* – балалар қоғамдық бірлестігі мүшелерімен жұмыс істейтін педагог.

Қазақстан Республикасының балалар қоғамдық қозғалысы жөніндегі мәліметтер қорын қалыптастыру – мониторинг үрдісі, Республикада қызмет ететін (ұйымдар, одақтар, қоғамдастықтар, клубтар, командалар, жасақтар, сонымен қатар, ассоциациялар) түрлі типтегі және түрдегі балалар қоғамдық бірлестіктерінің саны мен жұмысы жайында ақпараттық мәліметтерді өңдеу және сақтау.

Көшбасшы – ол үшін маңызды жағдайларда таңдау құқығына ие балалар қоғамдық бірлестігіндегі жоғарғы мәртебеге ие мүше. Көшбасшы ресми (ресми таңдалған) және ресми емес (ұжым мойындаған) болуы мүмкін.

Белсенді топ – балалар қоғамдық бірлестігіндегі өзгелерге қарағанда ынталы, әрі іскер мүшелер бөлігі.

Облыс мәліметтері бойынша Республикадағы балалар қоғамдық бірлестіктері жөнінде жалпы ақпарат

Облыс	Балалар қоғамдық бірлестігінің аталуы	Тіркелу уақыты	Ұйымға мүше балалар саны	Құрылымдық бөлімдер саны (мүшелер саны)	Балалар қоғамдық бірлестіктері жүзеге асырып жатқан негізгі бағдарламалар	Балалардың әлеуметтік ынталар жобасы
Ақмола облысы	"Жұлдыз" БҰ	20.1 1.02	1 42	0	"Жұлдыз" БҚБК, "Жас Ұлан", "Жас қыран" ББЖҰ	"Звездное шоу" "Парад планет" "Гармония" "Мелпомена", "Профи" "Мир вокруг нас" "Орден милосердия" "Детская служба спасения", "забота"
	"Әлем" РБҚБ	9.01 .05	3 4	28 филиал 20083 адам	"Жұлдыз" БҚБК, "Жас Ұлан", "Жас қыран" ББЖҰ "	"Я - лидер" КВН Тимуровское движение Мельпомена, "Юные корреспонденты" "Сункар (военно-патриотическое направление)"
	"Таншолпан" Қалалық балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық бірлестігі	20.1 1.02	8 603	0	"Жұлдыз" балалар қоғамдық бірлестігі бағдарламасы "Жас Ұлан" Республикалық бірінғай балалар мен жасөспірімдер бірлестігінің бағдарламасы	"Лидер", "Формула успеха", "Юные корреспонденты" "Фестиваль КВН" "Родник добра" "Дети солнца", "Алтын дән", "Имидж-город"
Астана қ.	"Жас Ұлан"		1 230	16		
	"Жас Қыран"		9 93	13		

	«Сұңқар»		2 180	0		
Ақтөбе облысы	"Жас Ұлан" "	11.0 2.13	6 4624	22984 - "Жасқыранд ықтар" 41640 - "Жасұланды қтар"	"Тәлімі мол тәлімгер" "Кемелденген келешек" "Жайдарлы Жас Ұлан" "Алтын Қалам" "Ел рәміздері менің мақтанышым"	"Мәңгілік ел ұландары" "Ұланымыз ұлы елдің" "Бүгінгі бейбіт ұландар" "Ең үздік оқырман" "Біздің ұйым осындай!"
Атырау облысы	"Нұртам шы" балалар қоғамдық бірлестігі	28.0 8.06	7 12		"Менің бақытты жұлдызым" бағдарламасы	"Шарон өзенінің болашағы-біздің қолымызда!"
	"Таңшолп ан" балалар қоғамдық бірлестігі	12.1 0.07	3 25		"Біз-әлемнің бір бөлшегіміз"	"Тәуелсіздіктің жасыл бағы – оқушылар саябағы"
Жамбыл облысы	«Жамбыл облысы "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы » қоғамдық бірлестігі		5 0820		Өсіп келе жатқан ұрпақта патриотизм сезімін біліммен өзін-өзі жетілдіруге құштарлықты қалыптастыру	
Батыс Қазақстан облысы	"Жас өркен" балалар мен жастар ұйымдарының одағы"	20.1 0.08	1 00	30	БҚО балалар бірлестігіне арналған "Өркен" бағдарламасы	"Школа лидера" "Развитие волонтерского движения ЗКО" "Мы вместе"
	"Достық алаңы"	17.0 2.07	5 0	15		"Передай добро по кругу" "В пути к мечте"
	"ДАР" қоғамдық бірлестігі	26.0 3.04	2 07	10		"Балалар даму академиясы"
	"Жас Ұлан" " біріңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы		3 5000	100	"Жас Ұлан" ББЖҰ концепциясы	"Экоәлем" "Жаңа леп" "Экомир"
ШҚО	"Жас Ұлан" " ШҚО бірыңғай балалар мен	18.0 1.13	4 1544	19 құрылымды қ бөлімшеде 41544 бала	Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарын дамытудың	

	жасөспірімдер ұйымы			бар	2013-2015 жылдарға арналған облыстық іс-шаралар жоспары	
Павлодар облысы	«Жас Ұлан» облыстық балалар мен жасөспірімдер ұйымы		5 0061		Болашақта жастар қозғалысының белсенділері болатын мектеп бірестіктерінің көшбасшыларын дайындау және тәрбиелеу	
Алматы қ.	Республикалық бірінші «Жас ұлан» Бірінші балалар ұйымы	06.0 7.11	1 30000	"Жас ұлан" – жоғары буын "Жас қыран" – төменгі буын		"Дүние сырын бірге ашайық!" "У нас с тобой, страна моя, одна судьба на веке!"
Қостанай облысы	«Плюс» ҚБ	04 ақпан	5 6	0	Шатырлы лагерлер өткізу туристерді, құтқарушыларды су асты жүзушілерін, парашутистерді дайындау, скауыттық қозғалысты дамыту	"Школа безопасности" 2013 туристер мен құтқарушыларды оқыту жаттығу лагері
	"Жас Ұлан" қалалық балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ	24.0 3.04	2 75	0	"Школа Лидерства" Жалын" бағдарламасы тарихи, этно-мәдени, экологиялық, архитектуралық, ескерткіштермен танымал тұлғалар ақпарат жинау "Қазақ" газетінің 100 жылдығына арналған ғылыми тәжірибелік конференцияны өткізу	"Ауылым-алтын бесігім" жобасы тарихи және ескерткіш орындар бойынша жастар экспедиция ұйымдастыру
Солтүстік Қазақстан облысы	"Жас Ұлан"	4.07 .11	1 2529		"Милосердие" "Оркен" "Чистые берега" "Экология и дети"	"Восстановление детских дворовых площадок" "Мир безопасности"

					"Игра-дело серьезное" "Дебатное движение"	"Сункар" "Детсво без границ" "Школа лидеров" "Ветеран живет рядом"
	"Жан достар"	7.06 .00	4 3349		"Милосердие" "Оркен" "Чистые берега" "Экология и дети" "Игра-дело серьезное" "Дебатное движение"	"Восстановление детских дворовых площадок" "Мир безопасности" "Сункар" "Детсво без границ" "Школа лидеров" "Ветеран живет рядом"
Маңғыстау облысы	"Здоровья детям" қоғамды қоры	29.0 5.07	2 86	12	Мүмкіндігі шектеулі Балаларға көмек көрсету	Мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсету, олармен түрлі іс-шаралар ұйымдастыру
	"Лаура" қоғамдық қоры	04.1 2.08	2 50	10	Әлеуметтік және қайырымдылы қ көмек көрсету	"Айналаға мейірім шаш" Облыстық Шығармашылық Фестивалі
	"Ұрпақ- Next" жастар қоғамдық қоры	04.0 2.05	5 50	15	Жас дарындарды анықтау, аз қамтылған отбасыларынан шыққан балаларға тегін қосымша білім беру	Әлеуметтік жоба "Айналайын Бота-жан" "Қол жетімді білім"

Қызылорда облысы	Қызылорда облыстық «Жас Ұлан бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» қоғамдық бірлестігі	26.0 3.13	5 8000	Бірлестік филиалдары тіркелмеген.	Білім беру ұйымдарында оқушылардың қоғамдық, әлеуметтік мәдени және танымдық шығармашылық іс-әрекетті белсендендіру; білім беру ұйымының тәрбие беру жұмысының патенциалы мен дәрежесін өсіру; - өзі іс-әрекет ететін ұйым жағдайында балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік тәжірибесін күшейту; бірлестіктің әр мүшесінің азаматтық құқықтарымен еріктерінің жүзеге асуын қамтамасыз ету; ұлттық дәстүр, салттар мен тарихи құндылықтарды кең насихаттау арқылы Қазақстан халықтарының мәдениеті мен тілдеріне махаббатпен құрметті бойларына сіндіру; ҚР заңнамасына сай білім беру мен тәрбие беру әрекетін жүзеге асыру.	«Жасұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының «ЭКСПО-2017» көрмесіне арналған «Зеленый мир» экологиялық-инновациялық-техникалық көрме
------------------	--	--------------	-----------	-----------------------------------	--	---

Қарағанды облысы	"Жас Ұлан" Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы	06.0 7.11	8 6000		Жеті жарғы Отан Руханиат Зерде Экоәлем Еңбек	"Возрождение парка" ОШИ №4"Школа КВН""Вторая жизнь стадиона"№64"Жить-Родине служить"КГУ СОШ№14"Теплый подъезд-теплаяквартира" ШЛ №101 "Дорогие мои старики"ГУ "профессиональный лицей№31" г. Темиртау"Старость в радость"СОШ №82 "Неблагополучная семья как один из источников правонарушений несовершеннолетних" СОШ №82
Алматы облысы	Балалар шығармашылық орталығы	200 0 жыл	9 10		"Атамекен"	
	"Жас Ұлан"	22.0 2.00	7 973		«Біз – Қазақстан патриоттарымыз» «Табиғат және біз» «Қайырымдылық» «Таза сөйлеу» «Жас Ұландар мейірімділік пен мәдениет жолында»	«Жетім көрсен жебей жүр» «Табиғатты аялаймыз» «Тарихи ескерткіштерді қамқорымызға аламыз» «Салауатты өмір салтын қолдаймыз» «Үлкенге- құрмет, кішіге-ізет»
	«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы		2 9693		Балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік тәжірибелерін байыту және дамыту, әлеуметтік-танымдық бастамаларды жүзеге асыру, мектептің тәрбиелік әлеуетін асыру	«Өркен» аудандық экологиялық жоба

«Мұрагер»		1 1956		«Атамекен» «Рухани уыз» «Жасыл ел»	
«Табиғаттың жас жанашырлары»	04.1 1.00	6 54		Экология	«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ...», «Влияние антропогенного фактора на состояние окружающей среды и здоровье человека», «Homo sapiens, остановись тоқта, ойлан!»
«Талхиз» жастар клубы	10.0 3.00	9 36		Экология	«Күн энергиясы арқылы халықты ыстық сумен қамтамасыз ету»
«Детское школьное общественное объединение СШ №8 «Жаңа ұрпақ»	13.0 1.00	6 61		Тәрбие жоспарының жариялылығының принциптері	«Жасыл ел», «Радуга филармониясы», «Менің отбасым»

2-қосымша

«Көшбасшылар ұстанымдарын нығайтуда» әртүрлі типтегі балалар мен жасөспірімдер ұйымдарындағы Балалар белсенділік мектептер сабақтарын ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулықтан алынған материал

«Павлодар - Ертіс» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыру жиыны

«Мен және менің ұйымым» курсы

Құрастырушы: А.А Ташпенова, педагог- ұйымдастырушы.

Мақсаты: бірыңғай ұйымшыл ұжымды, оның ынтымақтастығын қалыптастыру,

Құрал-жабдықтар: оргтехника, музыкалық аппаратура, бейне безендіру.

Кадрдың артындағы дауыс: Тыңдаңыздар! «Павлодар-Ертіс» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыру жиыны басталғалы тұр. Сахна төрінде клуб жетекшілері мен әдістемелік бөлім үйірмелері жетекшілері!

Ролик «Педагогтерді таныстыру».

Кадрдың артындағы дауыс барлық педагогтерді таныстырып шығады.

Жүргізуші: Жақында ғана біздің кәсіби мерекеміз – Ұстаздар күні өтті! Ұйымдастыру жиынын ұйымдастырушылардың атынан кішігірім естелік сыйлықтарын тарту етуге рұқсат етіңіздер.

Балалар күнтізбелерді алып шығып, педагогтерге ұсынады.

Жүргізуші: Сіздерге ұзақ жылдарға қуаныш пен бақыт тілейміз. Қартайған шақтарыңызға дейін ешбір уайым, қайғы көрмеңіздер. Өмір сіздерге ылғи да тек күлімдеп қарасын, өмір жолы кең болсын. Ұзақ жылдарға мықты денсаулық пен бақыт тілейміз.

Педагогтерді қол шапалақтап шығарып салады, педагогтер залға барады.

Жүргізуші: Қайырлы күн, қымбатты достар! «Павлодар-Ертіс» балалар мен жасөспірімдер ұйымы біздің республикамызда үлкен емес, бірақ ерекше: оған біздің қаламыздағы қызықты ұлдар мен қыздар кіріктіріледі. Бүгін біз әрбір клубпен, үйірмемен жақын танысамыз, оқу жылы бойы кімнің немен айналысатынын білетін боламыз. Жиынға дейін біз жеребе жасағанбыз, сол бойынша өз өнерлеріңізді көрсететін боласыздар.

Әрбір балалар ұжымы өзінше қызықты, ашық және талантты. Дәл қазір «Армандастар» клубының белсенді мүшесі – жоғарғы сыныптардың кеңесшісі өзі туралы айтуға дайын, жетекшісі Мельник Людмила Владимировна, облыстық Оқушылар сарайының әдістемелік бөлім меңгерушісі.

Клубтың өнер көрсетуі.

Жүргізуші: Барлығымыз бас қосып, өзіміздің сүйікті ісіміз, үйірме сабақтары туралы ой бөліскеніміз қандай тамаша. Сахнаға «Мұрагер» тарихи-өлкетану клубының жетекшісі Сыздықова Әсем Қабдуллақызы шақырылады.

Жетекшінің алғы сөзі. Клубтың қызметі туралы бейнероликті көрсету.

Жүргізуші: Маған «Көшбасшылар дегеніміз кімдер? Оларға ұқсауға бола ма?» деген сұрақтарды жиі қояды. Балалар, сіздер қазір осы сұрақтарға жауап табасыздар, себебі, сахна төрінде жас көшбасшылардың «Арай» клубының белсендісі, жетекшісі Ташпенова Айя Әмірханқызы.

Клубтың өнер көрсетуі (слайдбағдарламамен сүйемелдеу).

Жүргізуші: «Мен+Сен=бәріміз» қарым-қатынас орталығынан келген балалар сахна төріне шақырылады. Қарсы алыңыздар!

Клубтың қызметі туралы бейнероликті көрсету.

Жүргізуші:

Бізге жас журналист сұрақтардың жауабын табуға көмектеседі,
Не, қайда, қашан және неге.
Барлығын түрткіге жазып алады,
Біздің өміріміз туралы ойды.
Сахнаға жас журналистерді шақырамыз!
Оларға жазу оңайға соқсын!
Барлық жақсылықтарды тілейміз,
Жұмыс жасау, өмір сүру, армандау!

Клубтың өнер көрсетуі (слайдбағдарламамен сүйемелдеу).

Жүргізуші:

Кітап – адал,
Кітап – алғашқы,
Кітап – балалардың жақсы досы.
Оларға кітапсыз жүруге болмайды,
Оларға кітапсыз жүруге болмайды,–
Барлық бала солай айтады.

Сахна төріне «Кітап сөресі» үйірмесінің жетекшісі, облыстық Оқушылар сарайындағы әдістемелік кітапхана меңгерушісі Суворова Татьяна Владимировна шақырылады.

Жетекшінің алғы сөзі. Клубтың қызметі туралы бейнероликті көрсету.

Жүргізуші: «Ровесник» қоғамдық клубының пайда болу тарихы өзінің бастауын Оқушылар сарайының ескі атауы Пионерлер сарайынан бастайды. Уақыт өтті, жаңа бастаулар пайда болды, балалар мен басшылар ауысты, бірақ клубтың рухы ерекше болып осы күнге дейін қалды. 2011 жылғы «Ровесник» қоғамдық клубының белсенділерін қарсы алыңыздар!

Клубтың өнер көрсетуі (слайдбағдарламамен сүйемелдеу).

Жүргізуші: «Павлодар-Ертіс» ұйымына жаңа балаларды қабылдау үшін сөз кезегі облыстық Балалар палатасының төрағасы Хәкім Қазыбековке беріледі.

Ұйымға қабылданатын балаларға ұлағатты сөз.

Жүргізуші: 2011-2012 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен сіздерді «Облыстық балалар мен жасөспірімдер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің координаторы Ташпенова Айя Әмірханқызы таныстырып өтеді.

Клубтың өнер көрсетуі (слайдбағдарламамен сүйемелдеу).

Жүргізуші: Бәрі түсінікті, міне сахна, залда көшбасшылар, ал алдымызда көптеген жұмыс тұр, сол себепті бір-бірімізге «Сәттілік» тілейік және қызықты ашылуларға саяхат жасауға аттанайық.

«Достық Гимнін» орындау.

«Біз – мемлекетіміздің келешегіне лайықтымыз» атты балалар-жасөспірімдер ұйымдарының фестивалі

«Мен және менің ұйымым» курсы
Құрастырушы: Петрович О.В., әдіскер.

Мақсаты: оқушылардың қоғамдық өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасау, олардың рухани және шығармашылық потенциалын ашу.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті достар!

Жүргізуші: Біз «Біз – мемлекетіміздің келешегіне лайықтымыз» атты облыстық фестивальға қатысушылардың барлығына жалынды сәлем!

Жүргізуші: Біз – бұл кім?

Жүргізуші: Біз – бұл «Павлодар-Ертіс» балалар-жасөспірімдер ұйымының белсенділер мектебінің көшбасшылары!

Жүргізуші: Тек қана бұл емес! Біз Қазақстан балалар ұйымдарының 3 Республикалық слетінің делегаттарымыз!

«Қазақстан балалар ұйымдарының 3 Республикалық слеті» фильмін көрсету.

Жүргізуші: Сөз «Облыстық балалар-жасөспірімдер ұйымы» Қоғамдық Бірлестігінің Төрағасы, 3 Республикалық балалар ұйымының Құрылтайы делегаты Қазыбеков Хакімге беріледі.

ОБЖҰҚБ төрағасының құттықтау сөзі

Жүргізуші: Бүгін қатысып отырған балалардың әрқайсысы – өзінің мектеп ұйымының көшбасшысы!

Жүргізуші: Бірақ, ұлдар мен қыздарға көшбасшы болуға ат салысып жүрген адамдарға ерекше рахмет.

Жүргізуші: Біздің ең үздік тәлімгерлер!

Презентация «Біздің тәлімгерлер»

Жүргізуші: Стас, сен жобаның не екенін білесің бе?

Жүргізуші: Менің ойымша, бұл арман!

Жүргізуші: Неге?

Жүргізуші: Ия, себебі, жоба – бұл біздің ойымыз, және негізгісі...

Жүргізуші: Бұл біздің қолымыздан келетін нәрсе!

Жүргізуші: Ал біз не істей аламыз?

Жүргізуші: Біз?!

Жүргізуші: Бүкіл әлемді төңкере аламыз!!! (бірге)

Жүргізуші: Осы іске бізге Облыстық балалар-жасөспірімдер ұйымдарының фестивалі көмектеседі.

Жүргізуші: Бүгін – бұл үлкен бастау...

Жүргізуші: Қызықтың және жұмылдырудың...

Жүргізуші: Ал негізгісі КЕРЕК жобаның! (бірге)

Жүргізуші: Сөз кезегі, осы жобаның авторы және координаторы М.М. Катаев атындағы Облыстық оқушылар Сарайының әдіскері Петрович Оксана Владиславқызына беріледі!

Жоба жетекшісінің сөз сөйлеуі.

Жүргізуші: Назар салыңыздар, мектеп балалар ұйымдарының көшбасшыларына Фестивальдің құжаттар топтамасын табыстауға біз сахна төріне қоғамдық клубтардың көшбасшыларын шақырамыз.

*Құжаттар топтамасымен клуб өкілдерінің шығуы,
Мектеп ұйымдарының көшбасшыларына топтамаларды табыстау.*

Құжаттарды қарап шығу, жоба жетекшісінің ескертпелері.

Жүргізуші: Біздің дәстүріміз бойынша барлықтарыңызды естелікке суретке түсуге шақырамыз!

Қазақстанның қалаларына сырттай саяхат жасау

«Менің туған Ертісім» курсы

Құрастырушы: Сыздықова А.Қ., әдіскер, «Мұрагер» клубының жетекшісі

Мақсаты: азаматтық патриотизмді қалыптастыру, оқушылардың қоғамда өзін-өзі жетілдіру үшін жағдай жасау.

1) Қатысушыларды тіркеу алдында оларға үш түсті жетондар үлестіріледі. (Сары, қызыл, көк).

2) Жетондардың түсіне сәйкес барлық қатысушылар топтарға бөлінеді.

(әрбір дұрыс жауапқа команда жетон алады)

1 тапсырма: Өз командаңыздың атын айтып, оны неліктен солай атағандарыңызды түсіндіріңіздер?

2 тапсырма: Қазақстанның алғашқы астанасынан бастап атын атап және оны карта бетіне дұрыс түсіріңіздер.

Қазақстанның астаналары туралы бейнероликтің көрсетілімі.

3 тапсырма: Республикалық деңгейдегі қалаларды атап және оларды картаның бетіне түсіріңіз.

«Республикалық деңгейдегі қалалар» бейнероликтің көрсетілімі.

4 тапсырма: Қазақстанның көне және орта ғасырларындағы қалаларын атаңыздар және оны карта бетіне түсіріңіздер.

«Қазақстанның көне қалалары» бейнероликтің көрсетілімі.

5 тапсырма: тапсырмасы бар пақтар үлестіріледі:

Қазақстанның төменде берілген қалаларын карта бетіне түсіріңіздер.

Бірінші команда – Семей, Ақтау, Қостанай, Қарағанды.

Екінші команда – Өскемен, Атырау, Талдықорған, Петропавл.

Үшінші команда – Павлодар, Көкшетау, Ақтөбе, Орал.

«Қазақстанның қалалары» бейнероликтің көрсетілімі.

3) Қорытынды шығару, марапаттау.

«Шеңберді тұйықтау» шоу-ойыны

«Ойын – салмақты іс!» курсы

Құрастырушы: Петрович О.В., әдіскер, «Мен+Сен=Біз» клубының жетекшісі

Мақсаты: ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту.

Әртүрлі сипаттарға байланысты балаларды топтарға бөлу ұсынылады (қыс мезгілінде туылғандар, кімнің есімі «А» немесе «К» әрпіне басталады және т.б.).

Ойынның негізгі шарты – тапсырманы бірге, командамен бірге орындау.

Жаттығу: командаға жұмылып, оны карточкаға жазып алатын атын ойластыру.

Барлық қызмет шеңбер циклінің принципі бойынша құрылады. Бір тапсырманы орындап болған соң ғана шеңбер бойымен келесі тапсырмаға өтуге болады. Бұл тұрғыда командалар кабинет ішінде қозғалады.

Балаларға өзінің төсбелгісі бар тапсырмалар ұсынылады. Бұл төсбелгілер шеңбер бойына жиналып команданың пункке қозғалыс жасай алатынын көрсетеді. Көрнекілік ретінде заманауи интерактивтік технологияларын қолдануға болады.

Бірінші тапсырма «Біздің логотип». Команданың аталуын толық ашып беретін логотипті ойлап табу.

Екінші тапсырмада «Бізге келіңіздер!» тақырыбында жарнама ролигін ойластыру және оны көрсету беріледі.

Үшінші тапсырма «Мүсінші». Командаларға тапсырмасы бар карточкалар үлестіріледі: бір командаға қағаз бетіне ертегі кейіпкерінің дене бітімін, екінші командаға басын немесе аяғы мен қолын, ал үшінші командаға – ертегі кейіпкеріне арналған шариктер салу қажет. Сосын барлық күш-жігерді демонстрация жасайтын тақта бетіне ертегі кейіпкерінің әртүрлі дене мүшесін біріктіруге жұмсаймыз, балалар оған сипаттама берулері керек.

Ойынның келесі деңгейіне өту үшін ББМ қатысушыларына 30 секундтің ішіндегі үзілісті толтыру ұсынылады. Бір минуттың ішінде ойын ойлап табу. Ойын минуттарын орындау жандандыратын мінез-құлықты болуы керек.

«ШОУ» сөзінің мағынасын ашу сабақтың қорытындысы болып табылады. Интерактивті тақтада жұмыс жасау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік даму бағдарламасы// ҚР БҒМ, Астана, 2011 жыл.
2. Н.А. Назарбаев Қазақстан халқына ел президентінің жолдауы және 2011-2020 жылдарға арналған білім берудің дамуына бағытталған мемлекеттік бағдарлама. // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Болашақты бірге жасайық» ел президентінің жолдауы бойынша сөз сөйлеу. // www.edu.gov/kz 02.02.2011/
3. «Білім беру туралы» ҚР заңы. – Астана, 2012.
4. ҚР 12 жылдық жалпы орта білім беру концепциясы. /ҚР БҒМ, 12 жылдық білім берудің республикалық ғылыми тәжірибелік орталығы. - Астана, 2006. -19 бет.
5. Басов Н.Ф. Балалар қоғамдық бірлестіктерінің өңірлік жүйесін ғылыми-методологиялық қамсыздандырудың кейбір аспектілері/ Н.Ф. Басов. Кострома: 1999 - 214 б.
6. Басов Н.Ф. Ресейдегі балалар қозғалысын зерттеу теориясының теориялық-методологиялық мәселелері/ Н.Ф. Басов. Кострома: 1997 - 186 б.
7. Беспалова Г.М., Виноградова Н.М. Жасөспірімді әлеуметтік жобалау. Мектептегі қарым-қатынасты қалай өзгертуге болады/ Г.М. Беспалова, Н.М. Виноградова. М.: Жаңа оқулық, 2003 - 48 б.
8. Боева Л.А, Ельчанинова О.Н. Балалар қозғалысын ұйымдастыру негіздері бойынша аға тәлімгерлерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар. Липец облысы Білім және ғылым Басқармасы. Білімді дамыту институты/ Л.А. Боева, О.Н. Ельчанинова. М.: Академия, 1990 - 194 б.
9. Бузырева Л.М., Никитина Л.Е., Тетерский С.В. Итоги проекта «Жастар, балалар мен отбасы демалысының бағдарламалары мониторингісі, тәжірибені тарату»/ Л.М. Бузырева, Л.Е. Никитина, С.В. Тетерский // Оқушылардың тәрбиесі. - 2006 - №3 - 56-57 б.
10. Волхов А.В. «Бірге жұмыс жасайтын боламыз». Балалар қоғамдық бірлестіктер бағдарламаларының жинағы./ А.В. Волохов. 1996 - 180 б.
11. Волохов А.В. Балалар қоғамдық ұйымдарындағы балалардың социализациясы (теория мен әдістеме сұрақтары)/ А.В. Волхов. Ярославль: 1999 - 156 б.
12. Волохов А. Балалар ұйымы – не жаңалық?/А. Волохов// Оқушылардың тәрбиесі. - 1995, - №5 - 27-29 б.
13. Слуднова О. Азаматтық тәрбие факторы ретінде жастар мен балалардың коммерциялық емес бірлестіктері/ О. Слуднова// Оқушылардың тәрбиесі. 2007, № 10 - 39 б.
14. Галагузова М.А., Галагузов А.Н., Ларионова И.А. Әлеуметтік-педагогикалық тапсырмалар. ЖОО-на арналған оқу құралы/ А.М. Галагузова, А.Н. Галагузов, И.А. Ларионова. М.: Академия, 2008 - 191 б.

15. Ресейдің Балалар және жастар қоғамдық ұйымдары. Анықтама/ А.М. Иолтуховскийдің басшылығымен. - М.: 1996 - 238 б.
16. Запесоцкий А., Фаин А. Бұл түсініксіз жастар. Ресми емес жастар бірлестіктеріндегі мәселелер/. М., 1990.
17. Зимняя И.А. Критериалдық бағалаудағы нысан ретінде білім беру ұйымындағы тәрбиелеу қызметі/ И.А. Зимняя. М.: 2002 -280 б.
18. Зосимовский А.В. Мектеп жасындағы тұлғалық қоғамдық бағыттарды қалыптастыру/ А.В. Зосимовский. М.: 1982 – 214 б.
19. Ильина Т.А. Педагогика. Пединституттарға арналған оқу құралы/ Т.А. Ильина. М.: 1969 – 286 б.
20. Капустин И.П. Бейімделген мектептегі педагогикалық технологиялар/ И.П. Капустин. М.: 2001 - 98 б.
21. Кирьянова А.В. Әлеуметтік маңыздылығы бар құндылықтарға оқушыларды бейімдеу/ А.В. Кирьянова. М.: Дрофа, 1991 – 120 б.
22. Клочкова Л.П. Ресейдегі Балалар қозғалысы: бағдарламалар мен тәжірибе/ Л.П. Клочкова. Оқушыларды тәрбиелеу. - 1992 - №5 - 19-21 б.
23. Степанов Е.Н.. Сынып жетекшісіне сыныпты тәрбиелеу жүйесі туралы/ Е.Н. Степанов. - М.: 2000 – 138 б.
24. Коломинский Я.Л. Кіші топтардағы қарым-қатынас психологиясы/ Я.Л. Коломинский. М.: Ағартушылық, 1986 – 194 б.
25. Кон, И.О. Бала және қоғам/ И.О. Кон. М.: Ағартушылық, 1988 – 306 б.
26. Коршунова, О.С. Өңірлік балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық бірлестіктерінің белсенділерін оқыту жүйесі/ О.С. Коршунова. Кострома: 1997 – 145 б.
27. Куницына В.И. Тұлғааралық қарым-қатынас./ В.И. Куницына. М.: 2001 – 154 б.

Введение

Мы живем в эпоху наступающей глобализации, революции средств коммуникации, которые меняют наш образ жизни, общения и мышления и предъявляют особые требования к образовательной системе.

Необходимо создать будущей молодежи такие условия, при которых в течении школьных лет обучающийся проявил бы самостоятельность в суждениях, поведении, умел бы защитить и аргументировать свою точку зрения.

Успешное решение задачи создания в Казахстане демократического государства неразрывно связано с процессами формирования и развития у подрастающего поколения гражданского демократического сознания. Такое сознание предполагает потребность человека жить в социальном пространстве конституционных прав и свобод, проявлять свою индивидуальность и неповторимость.

Средством формирования у подрастающего поколения гражданской позиции, основными элементами которой являются гармонически сочетающиеся патриотические, интернациональные чувства, нравственная и правовая культура, уважение и доверие к другим гражданам, к государству, является поддержка и развитие их социальных инициатив направленных на благо республики. Большое значение в развитии детских социальных инициатив имеет создание различных организаций, союзов и движений. Деятельность детских общественных объединений и организаций является одним из важнейших институтов социализации личности молодого человека, его самореализации и самоопределения. Она способствует росту демократических преобразований в общественной жизни подрастающего поколения.

Сегодня современные детские и молодежные общественные объединения выступают как основной социальный институт. Детское движение необходимо нашему обществу и государству. В нем реализуется потребность подростка в самовыражении и утверждении себя именно как гражданина страны.

Главным условием успешности процесса формирования гражданских качеств состоит в объединении педагогических усилий семьи, школы и общества. Чтобы объединить и скоординировать усилия семьи, школы и социальных институтов общества, нужна единая государственная политика в области воспитания юных граждан нашей республики и соответствующая этой политике государственная система воспитания, способная консолидировать и координировать работу по вовлечению детей и подростков в общественные объединения и организации. Эта система должна включать в себя соответствующие государственные структуры, нормативно-правовую базу воспитательной деятельности на всех уровнях, начиная с первичного коллектива и заканчивая высшими органами государственной власти, а также комплекс мероприятий по формированию патриотических чувств и сознания граждан Республики Казахстан.

В демографической структуре современного общества дети и подростки составляют значительную часть. Возрастной показатель объединяет всех их в единую группу. Для того чтобы защитить свои специфические интересы и найти «выход» в сферу общественных отношений, дети и подростки с помощью взрослых создают ассоциации, союзы, объединения и организации, многие из которых выступают, как правило, многофункциональными и затрагивают основные сферы социальных интересов подрастающего поколения.

